

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ӘОЖ 658.512

Қолжазба құқығында

ЗИНАҒАБДЕНОВА ДАРИҒА РАХЫМЖАНҚЫЗЫ

**Магистральдық құбырлардағы газды есепке алу және баланс үрдістерін
басқарудың автоматтандырылған жүйесі**

6D070200 – Автоматтандыру және басқару

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
техника ғылымдарының докторы,
профессор Оразбаев Б.Б.

Шетелдік ғылыми кеңесші
техника ғылымдарының кандидаты,
доцент
Леонов С.В.
(Ресей)

Қазақстан Республикасы
Нұр-Сұлтан, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
АНЫҚТАМАЛАР.....	5
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	6
КІРІСПЕ.....	7
1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫН ТАЛДАУ.....	11
1.1 Газды бақылау мен есепке алудың автоматтандырылған жүйесі.....	11
1.2 Қазақстанның газ тасымалдау жүйесі.....	13
1.3 Қолданыстағы ақпараттарды жинау жүйесі.....	21
1.3.1 Ақпараттарды жинау жүйесінің құрылымы және жұмысы.....	21
1.3.2 Жүйе іске асыратын функциялардың құрамы мен міндеттері.....	23
1.3.3 Технологиялық объектілердегі АЖЖ-нің техникалық жабдықтар кешені.....	26
1.3.4 Газды есепке алуға қажетті деректерді тасымалдау.....	28
1.3.5 АЖЖ-нің бағдарламалық жасақтама құрамы.....	29
1.4 Мәселелерді талдау және оларды шешу жолдарын зерттеу.....	32
1-бөлім бойынша қорытындылар.....	35
2 ГАЗДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ.....	37
2.1 Жұмыс жағдайында газ шығыны мен көлемін өлшеу әдісі.....	37
2.2 УДШТ корпусының геометриялық параметрлерінің өзгеруіне байланысты газ шығыны мен көлемін өлшеудегі қосымша қатені есептеу тәртібі	42
2.3 Газ шығыны мен көлемін стандартты жағдайларға келтіру әдістері....	46
2.4 Газдың термофизикалық сипаттамаларын және физика-химиялық параметрлерін анықтау.....	48
2.5 МГҚ-дағы газ көлемін есепке алу жүйесі.....	50
2.5.1 Құбырдағы газды желілік теңдестіру әдісі (LB).....	51
2.5.2 Тұрақты режимдегі газ балансының көлемдік әдісі (VB).....	51
2.5.3 Динамикалық режимдегі араласқан газдардың балансының көлемдік әдісі.....	53
2.5.4 Динамикалық режимдегі газ балансының көлемдік әдісі.....	53
2-бөлім бойынша қорытындылар.....	55
3 ГАЗДЫ ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ МОДЕЛЬДЕРІ МЕН ДИСБАЛАНСТЫ АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	56
3.1 МГҚ арқылы тасымалданатын газдың балансының математикалық моделі.....	58
3.2 МГҚ-дағы газ қорының моделі.....	61
3.3 Өзіндік қажеттіліктер мен технологиялық шығындардың моделі.....	61
3.4 Дисбалансты анықтауға арналған әдістеме мен оның алгоритмі.....	73
3-бөлім бойынша қорытындылар.....	82
4 ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУҒА, ГАЗДЫ ЕСЕПКЕ АЛУҒА ЖӘНЕ ДИСБАЛАНСТЫ АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН	

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕНІ ЖАСАҚТАУ	83
4.1 Деректерді жинауға, газды есепке алуға және дисбалансты анықтауға арналған автоматтандырылған жүйенің сипаттамасы.....	83
4.2 «Бұқара Газды Ауданы-Ташкент-Бішкек-Алматы» учаскесінің жұмысының нәтижелері бойынша газдың дисбалансын анықтау және оның пайда болу себебі туралы шешім қабылдау мүмкіндігін тексеру нәтижелері.....	89
4-бөлім бойынша қорытындылар.....	91
ҚОРЫТЫНДЫ	92
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	94
ҚОСЫМША А – Шығыс деректері.....	100
ҚОСЫМША Б – Есептеулер нәтижелері	120
ҚОСЫМША С – Өндіріске енгізу туралы акт	122

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгіқалыптарға сілтемелер жасалды:

ҚР МЖМБС 5.04.034 – 2011. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Докторантура». Негізгі ережелер ҚР білім және ғылым министрімен бекітілген. «17» маусым 2011 ж. №261 ж.

Диссертацияларды және авторефераттарды рәсімдеу бойынша нұсқаулық ҚРБҒМ, Жоғарғы аттестаттау комитеті.

МЕМСТ 7.32 2001. Ғылыми зерттеу жұмыстары туралы есеп. Рәсімдеудің ережесі мен құрылымы.

МЕСТ 7.1-2003. Библиографиялық жазба.

МЕМСТ 2939-63. Газдар. Көлемді анықтау шарттары.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің Бұйрығы. Магистральдық газ құбырларын пайдалану қағидаларын бекіту туралы: 2015 жылдың 22 қаңтары, №33 бекітілген.

МЕМСТ 8.611 – 2013 Газдың шығыны мен мөлшері. Ультрадыбыстық шығынды түрлендіргіштермен өлшеу әдістемесі.

МЕМСТ 8.566 – 2011 Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Заттар мен материалдардың физикалық константалары мен қасиеттері туралы мемлекетаралық деректер жүйесі. Негізгі ережелер.

МЕМСТ 15528 – 86 Ағып жатқан сұйықтар мен газдардың шығынын, көлемін немесе массасын өлшеуге арналған құралдар. Терминдер мен анықтамалар.

МЕМСТ 17310 – 2002 Газдар. Тығыздықты анықтаудың пикнометриялық әдісі.

МЕМСТ 30319.1 – 96 Табиғи газ. Физикалық қасиеттерді есептеу әдістері. Табиғи газдың, оның құрамдас бөліктерінің және оны өңдеу өнімдерінің физикалық қасиеттерін анықтау.

МЕМСТ 31369 – 2008 Табиға газ. Компоненттің құрамы бойынша жану жылуын, тығыздықты, салыстырмалы тығыздықты және ВОББЕ санын есептеу.

МЕМСТ 31370 – 2008 Табиғи газ. Үлгі алу нұсқаулығы.

МЕМСТ 31371 – 2008 Табиғи газ. Белгісіздікті бағалаумен газ хроматографиясы арқылы құрамын анықтау. Бөлім 7. Компоненттердің мольдік үлесін өлшеу әдістемесі.

МЕМСТ Р МЭК 62264 – 3 – 2012 Кәсіпорынды басқару жүйелерін интеграциялау. Бөлім 3. Технологиялық операцияларды басқарудың моделі.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Автоматтандырылған басқару жүйесі – бұл технологиялық үрдіс, өндіріс немесе кәсіпорын ішіндегі әр түрлі процестерді басқаруға арналған аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етудің, сондай -ақ персоналдың кешені.

Автоматтандырылған газды есептеу жүйесі – газ тасымалдау үрдістерінде өлшеулер мен басқа реттелетін процедуралар негізінде жүзеге асырылатын газдың көлемін мен физикалық -химиялық көрсеткіштерін есепке алуды басқаруға арналған аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені.

Газды коммерциялық есепке алу – бұл жеткізуші, газ тасымалдау ұйымы, газ тарату ұйымы мен газ тұтынушы арасындағы есеп айырысуға негіз ретінде жүргізілетін газды есепке алу.

Газ құбыры – бекітпе арматурасы бар, бір-бірімен қосылған құбырлардан тұратын және газ тәріздес немесе екі фазалық күйдегі газды тасымалдауға арналған құрылыс.

Тауарлық газ – құрамында метаны басым көмірсутегілердің газ тәріздес күйде болатын, шикі газды өңдеу өнімі болып табылатын және құрамдастарының сапалық және сандық құрамы бойынша техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың талаптарына сай келетін көпқұрамдас қоспасы.

Магистральдық газ құбыры – тасымалданатын газдың қысымын арттыруды және төмендетуді қамтамасыз ететін бір немесе бірнеше газ құбырынан (желілік бөліктен) және олармен ұштасып жатқан объектілерден, телебасқару, байланыс құралдарынан және өзге де коммуникациялардан тұратын, тауарлық газды тасымалдауға арналған инженерлік құрылыс.

Тасымалдау – газ құбырлары арқылы шикі немесе тауарлық газды айдаудың технологиялық процесі.

Есепке алу аспаптары – мынадай функцияларды: газды өлшеуді, жинауды, сақтауды, оның шығысы, көлемі, температурасы, қысымы және аспаптардың жұмыс уақыты туралы ақпарат көрсетуді орындайтын өлшеу құралдары мен басқа да техникалық құралдар;

Коммерциялық есепке алу үшін газ балансы (газ балансы) – бұл есептік қадамда газ беру немесе газ тарату жүйесіне жеткізілетін газдың жалпы көлемімен, осы жүйелерден газдың соңғы тұтынушыларына берілген газ көлемінің қосындысы, тасымалдау бойынша қызмет көрсететін ұйымдардың меншікті және технологиялық қажеттіліктері, сондай-ақ технологиялық шығындар мен газ шығыны көлемі арасындағы теңдігі.

Дисбаланс – бұл тәулігіне немесе есепті кезеңде құбырлы желіге кірген және одан коммерциялық есепке қатысушылар алған (есепке алынбаған газ) газ мөлшерінің арасындағы айырмашылық.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АБЖ	– автоматтандырылған басқару жүйесі
АЖ	– ақпараттық жүйе
АЖЖ	– ақпараттарды жинау жүйесі
АЖО	– автоматтандырылған жұмыс орындары
БДО	– біріңғай диспетчерлік орталық
БЖ	– бағдарламалық жасақтама
БӨАЖА	– бақылау өлшеу аспаптары және автоматика
БТК	– бағдарламалық техникалық кешен
ГАЖ	– географиялық ақпараттық жүйе
ГТЖ	– газ тасымалдау жүйесі
ГӨС	– газды өлшеу станциясы
ГТС	– газ тарату станциясы
ГФХП	– газдың физикалық-химиялық параметрлері
ДЖГЕАЖ	– деректерді жинап, газды есепке алудың автоматтандырылған жүйесі
ДСЖ	– деректерді сақтау жүйесі
ДТШ	– деректерді телеөңдеу кешені
ЖӨБ	– желілік өндірістік басқарма
КС	– компрессорлық станция
МББЖ	– мәліметтер базасын басқару жүйесі
МГҚ	– магистральдық газ құбырлары
МГҚБ	– магистральдық газ құбырларының басқармасы
НБТ	– негізгі басқару тақтасы
ӨЖ	– өлшеу жүйесі
ӨҚжТШ	– өзіндік қажеттіліктер және технологиялық шығындар
ӨҚ	– өлшеу құбыры
ТЖК	– техникалық жабдықтар кешені
ТЭМП	– түрлендіргіштің электрондық мәліметтер парағы
УДШТ	– ультрадыбыстық шығынды түрлендіргіш
ЭАТ	– электроакустикалық түрлендіргіш
ЭҚОЕ	– электр қондырғыларын орнату ережелері

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстанда жыл сайын энергетика саласындағы газдың үлесі «2030 жылға дейінгі газ секторын дамыту тұжырымдамасында» қарастырылған газ құбырларын салу және елді ауқымды газдандыру есебінен артып келеді.

Оңтүстік, орталық және солтүстік аймақтарды газдандыру барлық магистральдық газ құбырларын бірыңғай газ тасымалдау жүйесіне біріктірудің арқасында мүмкін болды. Нәтижесінде Қазақстан Республикасының газды тасымалдау және тарату жүйесінің барлық магистральдық газ құбырлары бірыңғай газ тасымалдау жүйесі ретінде жұмыс жасайды.

Қазіргі уақытта Қазақстанның ГТЖ-сі реверстік учаскелері бар көп желілі жиырмаға жуық магистральдық газ құбырларынан тұрады.

Еліміздің газ тасымалдау жүйесі өзінің географиялық орналасуына байланысты көрші елдер арасындағы газ тасымалдаудың негізгі транзиттік маршрут болып табылады. Соған байланысты Қазақстанның ГТЖ-нің құрамына осы жүйені көршілес елдердің ГТЖ және тарату желілерімен байланыстыратын бөлімдер кіреді.

Газды транзиттік және экспортқа тасымалдауда және ішкі нарыққа жеткізу кезінде Қазақстанның ГТЖ «ҚазТрансГаз» ұлттық компаниясы басқарады.

Бүгінгі күні газ тасымалдау мен газды тарату саласындағы өзекті мәселе олардың айналымын есепке алудың [1] қолданыстағы жүйесінің жетілмегендігі болып табылады. Соның салдарынан дисбаланс туындайды. Дисбаланс деп ГТЖ-не кірген және шыққан газдың көлемінің теңсіздігі түсініледі.

Газ тасымалдау жүйесіндегі теңсіздік жоғары техникалық-экономикалық шығындарға, газды құбырға жеткізушілер, газды тасымалдаушы және құбырдан газды тұтынушылар арасындағы келіспеушіліктер мен дауларға алып келеді. Егер баланс теріс болса, газ тасымалдаушы компания шығынға ұшырайды да, ал магистральдық газ құбырларына газ беруші немесе құбырдан газ тұтынушы негізсіз пайдаға ие болады. Керісінше, баланс оң болған жағдайда тасымалдаушы компания сол оң баланстың көлемінде негізсіз пайдаға кенеледі де, құбырға газ беруші немесе құбырдан газ тұтынушы оң мәннің көлемінде шығынға ұшырайды. Сондықтан тасымалданатын газды тиімді және қауіпсіз тасымалдау үшін, газды есепке алу және дисбалансты тауып, оның себептерін анықтау үшін зерттеу жүргізу теориялық және практикалық тұрғыдан өзекті болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Газ тасымалдау жүйесінің объектілерінен газдың технологиялық параметрлері мен газдың көлемдік көрсеткіштерін жинап, сол жинаған деректерді негізге ала отырып газды есепке алу мен баланс үрдістерін басқарудың автоматтандырылған жүйесін құру және тәжірибе жүзінде тиімділігін анықтау.

Зерттеу міндеттері. Тұжырымдалған мақсатқа жету үшін келесі ғылыми міндеттер қойылады және шешіледі:

- газдың технологиялық параметрлері мен газдың көлемдік көрсеткіштерін жинап, газды есепке алуға арналған автоматтандырылған жүйе құру;

- магистральдық құбырлар арқылы тасымалданатын газды есепке алу және баланс үрдістерін басқаруға мүмкіндік беретін газ балансының математикалық моделін құру;

- автоматтандырылған жүйенің газды есепке алу модуліндегі газ дисбалансын анықтау әдістемесін және оның алгоритмін қалыптастыру.

Зерттеу нысаны – диссертациялық жұмыста зерттеу нысаны болып Қазақстан республикасының газ тасымалдау жүйесінің магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалданатын газды есепке алу мен баланс үрдісі табылады.

Зерттеу пәні – зерттеу пәніне магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалданатын газды есепке алу мен баланстың технологиялық үрдісін басқару жүйесі, эксплуатациялық деректерді жинау, сонымен қатар дисбалансты анықтауға арналған әдістері жатады.

Зерттеу тәсілдері. Берілген міндеттер теориялық және практикалық ізденістер арқылы шешілді. Қойылған міндеттерді шешу барысында автоматты басқару теориясы, бақылаудың және үрдістерді басқарудың статистикалық әдістері, ықтималдылықтар теориясы, математикалық статистика тәсілдері және сараптамалық бағалау мен зерттеу нәтижелерін өндірістік-тәжірибелік тексеру әдістемелері қолданылды.

Қорғауға шығарылатын ғылыми тұжырымдамалар мен нәтижелер:

а) газдың технологиялық параметрлері мен газдың көлемдік көрсеткіштерін жинауға, газды есепке алу және дисбалансты анықтауға арналған автоматтандырылған жүйе;

б) магистральдық құбырлар арқылы тасымалданатын газды есепке алу және баланс үрдістерін басқаруға мүмкіндік беретін газ балансының математикалық моделі;

в) автоматтандырылған жүйенің газды есепке алу модуліндегі газдың дисбалансын анықтайтын әдістеме мен оның алгоритмі.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы. Зерттеу барысында алынған нәтижелерінің ғылыми жаңалығы мыналарда:

1. Магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалданатын газды есепке алуды жақсарту үшін технологиялық параметрлер мен газдың көлемдік көрсеткіштерін өрістік деңгейден бірінғай диспетчерлік орталықтың серверіне жинап, газды есепке алу және дисбалансты анықтауға арналған автоматтандырылған жүйе ұсынылды. Бұл жүйенің жаңалығы газдың балансын сағат сайын есептеу арқылы құбырдағы газдың динамикасының өзгеруін анықтауға мүмкіндік береді және дисбалансты уақытында анықтау арқылы газды есепке алуды жақсартады.

2. Магистральдық құбырлар арқылы тасымалданатын газды есепке алу және баланс үрдістерін басқаруға мүмкіндік беретін газ балансының математикалық моделі құрылды. Бұл модельдің жаңалығы құбырдағы газ

қорының өзгеруін есепке ала отырып, газдың балансын уақыт интервалында дұрыс шығарып, магистральдық құбырлар арқылы газды тасымалдаудың оңтайлы технологиялық режимін таңдауға және соңғы тұтынушыға дейін газды іркіліксіз, қауіпсіз, әрі тиімді жеткізуді басқаруға мүмкіндік береді.

3. Газдың дисбалансын анықтауға арналған әдістеме. Бұл әдістің басқа да көптеген әдістерден айырмашылығы, газ дисбалансының көрсеткіштерін анықтап, визуализация жасап қана қоймай, сонымен қатар осы дисбаланс себебін анықтауға мүмкіндік берді.

Диссертацияның басқа зерттеу жұмыстарымен байланысы. Ұсынылған диссертация Л.Н. Гумилев атын. Еуразия ұлттық университетінің «Жүйелік талдау және басқару» кафедрасының ғылыми-зерттеу бағытына сәйкестендіріліп дайындалған. Бұл диссертациялық жұмыс «ҚазТрансГаз» АҚ-ның «Ақпараттарды жинау және газды есепке алудың автоматтандырылған жүйесін диспетчерлендіру» жобасымен интеграцияланған.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы:

Ұсынылған жүйе объектілерден деректерді жинап, дисбалансты уақытында анықтап, есепке алуды жақсартады, сонымен қатар газ тасымалдау жүйесінің жұмыс режимдеріндегі өзгерістерді 24/7 бақылап, газ тасымалдау үрдісін тиімді, жедел және қауіпсіз басқаруға мүмкіндік береді.

Газ балансын есептеудің математикалық моделі магистральдық газ құбырларына газ жеткізушелерден келген газ бен тұтынушыларға кеткен газ көлемін нақты есептеуді жақсартады.

Дисбалансты анықтауға арналған әдістеме ГТЖ-дегі газ дисбалансының жалпы көрсеткіші ретінде және газбен жабдықтау мен тұтыну жүйелерінің әрбір элементі үшін екі жақты F-тесті қолданып, магистральдық газ құбыры учаскесіндегі газ дисбалансын және осы дисбаланстың маңызды себебін анықтауға мүмкіндік береді.

Жұмыс нәтижелерін ендіру. Диссертациялық зерттеу нәтижелері практикада келесі нысандар мен процесстерге ендірілді:

1. Қазақстан республикасының ұлттық газ операторы «ҚазТрансГаз» АҚ-ның газ тасымалдау жүйесінің «Бұқара Газды Ауданы – Ташкент-Бішкек-Алматы» (БГА-ТБА) магистральдық газ құбырында практика жүзінде дәлелденіп, еліміздің газ тасымалдау жүйесіне енгізілді (Қосымша С).

Ізденушінің жеке үлесі. Жұмысты орындауда ізденушінің жеке үлесі мыналарға негізделеді:

- зерттеу мақсаттарын тұжырымдау және оларды жүзеге асыру әдістері;
- газды есепке алу мен баланс үрдістеріндегі дисбалансты анықтауға арналған әдістеме жасақтау;
- магистральдық құбырлардағы газ балансын дәл есептеудің математикалық моделін құру;
- автоматтандырылған жүйені құруда бағдарламашыларға газды есепке алудың алгоритмін жасақтау;
- өндірістік жағдайларда зерттеу нәтижелерін тәжірибелік іске асыру.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің апробациясы. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен ғылыми тұжырымдары Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Жүйелік талдау және басқару» кафедрасының ғылыми семинарларында және келесі халықаралық-тәжірибелік конференцияларда баяндалып, апробациядан өтті:

«Наука и образование в современном мире: Вызовы XXI века» VI Международная научно-практическая конференция (Астана, 2020)

Ғылыми жарияланымдар. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 5 ғылыми еңбектерде жарияланды, оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынған басылымдарда – 3 мақала:

1. Проблемы учета и баланса газа и подходы к их решению // Вестник КазНИТУ №4 (140).

2. Программный комплекс «Автоматизированная система управления сбора данных и учета газа» // Вестник ЕНУ им. Гумилева. – 2020. – №2(131).

3. Газды тарату және есепке алу үрдістерінің басқару жүйелерін талдау, оларды жетілдіру тәсілдері // Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2020. – №4(92).

Scopus мәліметтер қоры тізімінде – 1 мақала:

4. Development of a method for studying gas imbalance in the section of the main gas pipeline of Kazakhstan // Eastern-European Journal of Enterprise Technologies. – 2020. – Vol. 6, №2(108).

5. Газды есепке алуда дисбалансты анықтау үшін корреляциялық талдауды қолдану. «Наука и образование в современном мире: Вызовы XXI века» VI Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда (Астана) жарияланып талқыланды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс құрылымы кіріспеден, негізгі тарау 4 бөлімнен және қорытындыдан, 82 атауды қамтитын пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және 3 қосымшалардан тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 122 беттен, соның ішінде, 23 суреттен, 3 кестеден тұрады.

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫН ТАЛДАУ

1.1 Газды бақылау мен есепке алудың автоматтандырылған жүйесі

Газды бақылау және есепке алудың автоматтандырылған жүйесінде шығынды өлшеу газ өлшеу станцияларында жүзеге асырылады.

Газ өлшеу станциялары магистральдық және кәсіпшілік газ құбырларынан елді мекендерге, кәсіпорындарға, басқа да ірі тұтынушыларға газ жеткізу және мемлекет аралық газ тасымалдау кезінде газ көлемін өлшеуге арналған. Сонымен қатар газды тазартуға, жылытуға, одоризация жасауға және газдың физико-химиялық құрамын анықтауға арналған [2].

Газ өлшеу станциясының негізгі технологиялық қондырғылары:

- ауыстыру қондырғысы;
- газды тазарту қондырғысы;
- гидраттың алдын алу қондырғысы;
- салқындатқышты дайындау қондырғысы;
- газды азайту қондырғысы;
- газ шығынын есепке алу қондырғысы;
- аспаптар блогы БӨАЖА;
- газды одорациялау қондырғысы.

Ауыстыру қондырғы жергілікті шығыс қысымды және температураны реттейтін құрылғылармен жабдықталған айналма желі арқылы жоғары қысымды газ ағынын автоматты реттеуден қолмен басқаруға ауыстыруға арналған және жөндеу жұмыстары кезінде және апатты жағдайларда газ тарату станциясын айналып өтіп, тұтынушыны қысқа мерзімді газбен қамтамасыз етуге арналған.

Ауыстыру түйінінің функциялары:

- ГТС кіріс және шығысындағы газ қысымы мен температурасын өлшеу;
- ауыстырып-қосқыш кранының орны туралы сигнал беру;
- ауыстыру қондырғысының крандарын қашықтықтан басқару.

Газды тазарту қондырғысы газды механикалық қоспалардан және тамшылы ылғалдан тазартуға арналған және мыналарды қамтиды: жабдықтың тұрақты жұмысын тұтынушылар үшін газды дайындауды қамтамасыз ететін шаң мен ылғалды ұстау құрылғылары; деңгейді өлшейтін құралдармен жабдықталған резервуарлардың жинақтарына сұйықтық пен шламды шығаруға арналған құрылғылар; сондай-ақ оларды көліктік контейнерлерге шығарудың механикаландырылған жүйесі.

Газ тазарту қондырғысының функциялары:

- сепаратордағы қысымның төмендеуін өлшеу;
- сепаратордағы сұйықтықтың ең төменгі және шекті рұқсат етілген деңгейі туралы сигнал беру;
- сұйықтық ағызу желісіндегі кран дабылы;
- сүзгі-сепаратордағы сұйықтық деңгейіне байланысты сұйықтықты шығару желісіндегі кранды қашықтықтан және автоматты басқару;

- қалдық цистерналарындағы сұйықтықтың максималды деңгейі туралы ескерту сигналы.

Гидраттың алдын алу қондырғысы арматураның қатып қалуын және кристалды гидраттардың пайда болуын болдырмауға мамандандырылған. Гидрат түзілудің алдын алу шаралары ретінде мыналар қолданылады: жалпы немесе ішінара газды жылыту; қысым реттегіштерінің корпустарын жергілікті жылыту; байланыс құбырына метанолды енгізу.

Гидрат түзілудің алдын алу қондырғысының функциялары:

- қыздыру қондырғысының шығысындағы газ қысымы мен температурасын өлшеу;

- қыздыру қондырғысының кірісі мен шығысындағы крандардың орналасуына сигнал беру, қыздырғышты айналып өтетін газ беру желісіндегі кранға сигнал беру;

- крандарды автоматты және қашықтықтан басқару;

- дайындаушының апаттық сигнал беру.

Редукция қондырғысы тұтынушыларға берілетін газ қысымын азайтуға және автоматты түрде ұстап тұруға арналған. Редукция түйіні кем дегенде екі редукция желілерінен тұрады (негізгі және резервтік).

Газды редукциялау қондырғысының функциялары:

- редукциялау желілеріндегі крандардың орналасуын бақылау;

- резервтік және қосалқы желілерді қоса алғанда, қысқарту желілерін автоматты және қашықтан қосу/өшіру;

- кезекпен орнатылған реттеу құрылғылары арасындағы реттегіш желілеріндегі қысым сигналы;

- тұтынушыларға берілетін газ қысымын автоматты реттеу.

Газды есепке алу қондырғысы газды коммерциялық есепке алуға және қысымды, температураны және газ шығынын өлшейтін жүйелерді қосуға арналған.

Газды есепке алу қондырғысының функциялары:

- барлық тұтынушыларға ортақ параметрлерді өлшеу және қажетті тұрақтыларды енгізу;

- газ қысымын өлшеу;

- газ температурасын өлшеу;

- газ шығынын өлшеу.

Газды одоризациялау қондырғы иіс арқылы ағып кетуді дер кезінде анықтау үшін тұтынушыларға жеткізілер алдында газды одоризациялауға арналған. Ол газды одоризациялауды автоматты түрде бақылауды жүзеге асыруы және газ ағынына одоризация қорын сақтауға арналған ыдыстарды және газдың ағынына байланысты одоризация беруді қамтамасыз ететін басқару құрылғысын қамтуы керек.

Газды одоризациялау қондырғысының функциялары:

- одорантты сақтау ыдысындағы ең төменгі деңгей туралы сигнал беру;

- газға одоранттың дозаланып берілуін басқару;

- одорант ағынның болуы туралы сигнал беру;

- енгізілген одорант мөлшерін есепке алу.

Өшіру крандарындағы бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика қондырғысы газдың технологиялық параметрлерін өлшеуге және бақылауға және технологиялық процесті жедел басқаруға арналған.

Сатып алушыға газды белгілі бір мөлшерде және белгілі қысыммен, газды тазартудың, жылытудың және одоризацияның қажетті кезеңімен беру талап етіледі. Газ тасымалдаушы ұйымнан газды қабылдау кезінде, аймақтық кәсіпорын газды өткізуге сәйкес онымен газ тарату станциясында және тұтынушылардан газды есепке алу пункттерінен жиналған мәліметтер бойынша сатып алынған газдың көлеміне есеп айырысу жүргізеді.

1.2 Қазақстанның газ тасымалдау жүйесі

«ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы, еліміздің және дүниежүзінің газ нарығында мемлекеттің мүдесін білдіретін, Қазақстан Республикасының газбен жабдықтау саласындағы ірі компания болып табылады. «ҚазТрансГаз» АҚ табиғи газды магистральдық газ құбырлары бойынша тасымалдауды басқарады, ішкі және сыртқы нарыққа газ өндірумен, сатумен айналысады, құбыр жолдары мен газ сақтау қоймаларын әзірлейді, қаржыландырады, салады және пайдаланады.

ҚазТрансГаз – тұтынушыларға сенімді газ жеткізіп отырған Орталық Азия өңіріндегі ірі газ тасымалдау желісі және ішкі газ жабдықтау жүйесі бар іргелі компания.


«ҚазТрансГаз» АҚ басқаруында 348 газ айдаушы агрегаттар, 3 жер асты газ сақтау қоймалары (Бозой, Ақыртөбе, Полторацкое) 56 мың шақырымнан астам ішкі газ тарату желілері, 20 мың шақырымнан астам магистральдық газ құбырларын қамтитын үлкен газ тасымалдау инфрақұрылымы бар. Компания ел ішінде 9 миллионнан астам тұтынушыларға тауарлық газды жеткізеді [3].

Қазіргі уақытта «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының қызмет аясы Қазақстанның 10 өңірінде жүргізілуде: Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстары. ҚазТрансГаз үлесіне газ тасымалдаудың жалпы көлемі 1-суретте көрсетілген.

Магистральдық газ құбыры деп газ немесе мұнай кен орындарынан газ тұтынушыларына табиғи немесе ілеспе мұнай газын тасымалдауға мамандандырылған құрылымдар кешенін түсіну керек (қалалар, елді мекендер, өнеркәсіптік кәсіпорындар және электр станциялары).

Магистральдық газ құбырының ұзындығы ондаған бірнеше мың километрге дейін болуы мүмкін.

Газ газ құбыры арқылы не қабат қысымының қолдауымен, не газ құбырының бойында орналасқан компрессорлық станциялардың қолдауымен қозғалады. Компрессорлық станцияларды орналастыру керек арақашықтықтар гидравликалық есеппен анықталады [4].



Сурет 1 – ҚазТрансГаз үлесіне газ тасымалдаудың жалпы көлемі

Магистральдық газ құбыры күрделі инженерлік ғимарат болып табылады, оған мыналар кіреді:

- 1) негізгі станциялар;
- 2) тармақтары, клапандары және желілік құрылымдары бар болат құбыр;
- 3) компрессорлық станциялар (КС);
- 4) газ тарату станциялары (ГТС);
- 5) желілік жөндеушілер үйлері мен апаттық жөндеу пункттері;
- 6) желілік және станциялық байланыс құрылғылары;
- 7) катодтық, қорғаныстық және дренаждық қорғаныс құрылғылары;
- 8) жерасты газ қоймалары (ЖГК);
- 9) қосалқы ғимараттар.

Негізгі станциялар газ кен орындарының жанында орналасқан және өз құрамында газдарды тазалау, кептіру және иіс шығару қондырғылары бар.

Негізгі нысандардан кейін тазартылған табиғи газ газ құбырына түседі. Магистральдық газ құбырының диаметрі тұрақты және ауыспалы болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда бұл бір бағытта параллель орнатылған екі немесе одан да көп құбырларды қамтиды.

Жұмыс қысымына байланысты магистральдық газ құбырларының 3 класы орнатылады: 1) жоғарғы қысымдағы - 25 кгс/см²-тан жоғары жұмыс қысымындағы; 2) орташа қысымдағы - 12-ден жоғары 25 кгс/см²-ге дейін жұмыс қысымындағы; 3) төмен қысымдағы -12 кгс/см² қоса алғандағы жұмыс қысымындағы [5, 6].

«Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамы 1997 жылы шілде айында құрылған, Қазақстанның сенімгерлікпен басқаруға берілген газ тасымалдау жүйесін пайдалануды және техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

«ҚазТрансГаз» компаниясы газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық операторының құрамына кіреді және табиғи газды магистральдық тасымалдау саласында оның мүдделерін білдіреді. «ҚазТрансГаз» АҚ отандық, сондай-ақ шетелдік газ нарығында мемлекеттің мүдделерін білдіретін

Қазақстан Республикасының негізгі газ-энергетикалық және газ тасымалдайтын компаниясы болып табылады.

2018 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Интергаз Орталық Азия» АҚ магистральдық газ құбыры бойынша ұлттық оператор мәртебесін алды.

Жаңа ұлттық оператордың негізгі міндетіне тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы ішкі және сыртқы нарықтарға тасымалдауда мемлекеттің және басқа да қатысушылардың мүдделерін қамтамасыз ету кіреді. Сонымен қатар, компания магистральдық газ құбырлары жүйесін инновациялық дамытуды және тауарлық газ ағынын әртараптандыру арқылы мемлекеттің энергетикалық әлеуетін көтере отырып, оны әлемдік энергетикалық жүйеге ықпалдастыруды қамтамасыз ететін болады.

Бүгінгі күні «Интергаз Орталық Азия» АҚ Қазақстанның аумағы бойынша жалпы ұзындығы 19 146,51 шақырым болатын магистральдық газ құбырлары арқылы табиғи газды ішкі тасымалдау мен транзиттеуді жүзеге асырады. Оның ішінде 6 667,97 км МГҚ шет ұйымдарға тиесілі, оларға Компания техникалық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсетеді, 2 242,25 км - газ құбыры-бұрымдары.

Газ тасымалын жалпы қуаттылығы 2 263,964 МВт алуан түрдегі және үлгідегі 308 газ айдайтын агрегат орнатылған 25 желілік және 4 сығымдау компрессорлық станциясы жүзеге асырады. Шарттық негізде «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да жалпы қуаттылығы 68,5 МВт болатын 5 ГАА бар «Бозой» КС-1 қызмет көрсетіледі [7].

Компания 3 жер асты газ қоймасын пайдаланады. Олардың ең ірісі Ақтөбе облысында орналасқан Бозой ЖАГҚ (белсенді сақтау көлемі 4 000 000 мың м³), Түркістан облысында орналасқан Полторацк ЖАГҚ (белсенді сақтау көлемі 350 000 мың м³), сондай-ақ Жамбыл облысындағы Ақыртөбе ЖАГҚ (белсенді сақтау көлемі 300 000 мың м³).

Магистральдық газ құбырларының газ тасымалдау жүйесін 2-сурет «Интергаз Орталық Азия» АҚ өндірістік филиалдары – Магистральдық газ құбырлары басқармалары (МГҚБ) пайдаланады:

1. «Атырау» МГҚБ: «Мақат-Солтүстік Кавказ» МГҚ, «Орта Азия-Орталық» МГҚ.

2. «Ақтау» МГҚБ: «Орта Азия-Орталық» МГҚ, «Окарем-Бейнеу» МГҚ лупингтермен, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ, «Өзен-Жетібай-Ақтау» МГҚ.

3. «Орал» МГҚБ: «Орынбор-Новопсков» МГҚ, «Союз» МГҚ, «Орта Азия-Орталық» МГҚ лупингтермен, «Қарашығанақ-Орал» МГҚ.

4. «Ақтөбе» МГҚБ: «Бұқара-Орал» МГҚ, «Жаңажол-Октябрьск-Ақтөбе» газ құбыры лупингтермен, «Жаңажол-КС-13» МГҚ, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ, «Қожасай-КС-12» МГҚ.

5. «Қостанай» МГҚБ: «Бұқара-Орал» МГҚ, «Қарталы-Рудный-Қостанай» МГҚ, «Рудный қ.-Кашар к.-Федоровка а.» МГҚ.

6. «Шымкент» МГҚБ: «Бұқара Газды Ауданы – Ташкент-Бішкек-Алматы» МГҚ, «Газли-Шымкент» МГҚ, «Қазақстан-Қытай» МГҚ, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ.

7. «Тараз» МГҚБ: «Бұқара Газды Ауданы – Ташкент-Бішкек-Алматы» МГҚ, «Амангелді-КС-5», «Қазақстан-Қытай» МГҚ.

8. «Алматы» МГҚБ «Бұқара Газды Ауданы – Ташкент-Бішкек-Алматы» МГҚ, «Алматы-Байсерке-Талғар» МГҚ, «Қазақстан-Қытай» МГҚ, «Байсерке-Қапшағай» МГҚ.


9. «Қызылорда» МГҚБ: «Ақшабұлақ-Қызылорда» газ құбыры, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ.

10. «Қарағанды» МГҚБ: «Сарыарқа» МГҚ.

ИОА газын ҚТТ үлесіне тасымалдау көлемі 3-суретте көрсетілген.



Сурет 2 – Қазақстан Республикасының газ тасымалдау жүйесі



Сурет 3 – ИОА газын ҚТГ үлесіне тасымалдау көлемі, млн м³


Азия газ құбыры (АГҚ) - бұл «ҚазТрансГаз» АҚ мен Trans-Asia Gas Pipeline Company Ltd. арасындағы паритетті бірлескен кәсіпорын. (акционер – компания CNODC, CNPC еншілес компаниясы). Бірлескен кәсіпорын табиғи газды Қазақстан мен Өзбекстан шекарасынан Қытай аумағындағы Хоргос газ өлшеу станциясына дейін тасымалдауға арналған Қазақстан-Қытай газ құбырын қаржыландыру, салу және пайдалану үшін құрылды.

Жобаның мақсаты - Қытай Халық Республикасы бағыты бойынша түрікмен және өзбек газының транзитін, Қытай Халық Республикасына қазақстандық газдың экспортын, сондай-ақ Қазақстанның оңтүстік облыстарын үздіксіз газбен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының аумағындағы газ құбырының ұзындығы «А» және «В» желілері үшін 2612 км, «С» желісі үшін 1330 км құрайды. Газ құбырының жалпы өткізу қабілеті жылына 55 миллиард м³ құрайды (30 миллиард м³ - «А» және «В» желілері, 25 миллиард м³ - «С» желісі).

2018 жылы «Қазақстан-Қытай магистральды газ құбырының өткізу қабілетін арттыру» («С» желісі) жобасы аяқталды. Нәтижесінде «Қазақстан-Қытай» газ магистралінің өнімділігі жылына 55 миллиард текше метрге дейін ұлғайтылды. ҚТГ үлесіне АГҚ газ тасымалдау көлемі 4-суретте көрсетілген.

«А» және «В» желілерінің өнімділігін жылына 40 миллиард м³ дейін арттыру мәселесі зерттелуде, бұл газ құбырының жалпы өнімділігін жылына 65 миллиард м³ дейін арттыруға мүмкіндік береді [8].



Сурет 4 – ҚТГ үлесіне АГҚ газ тасымалдау көлемі, млн м³

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры (БШГҚ) Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең ірі құбыр жобасы болып табылады және мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігін арттыруда маңызды рөл атқаруы тиіс. Президент Н. Назарбаевтың 2008 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес жоба еліміздің газ импортына тәуелді оңтүстік өңірлерін газдандыру мақсатында іске асырылуда. Газ құбыры көгілдір отынның импорттық жеткізілімдерінен толық бас тартуға мүмкіндік береді, елдің ішкі нарығына энергия ресурстарын жеткізудің тұрақтылығын және газ экспортының Қазақстан Республикасынан тыс әртараптандырылуын қамтамасыз етеді. Газ құбырын салу және пайдалану Қазақстанның бірқатар өңірлері үшін макроэкономикалық және әлеуметтік әсер етеді, әлеуметтік салаға және өндіріске қосымша инвестицияларға алып келеді.

Жоба бұрын жасалған мемлекетаралық келісімдерге, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен Қытай ұлттық мұнай корпорациясы арасындағы уағдаластықтарға сәйкес Қазақстан мен Қытаймен бірлесіп жүзеге асырылады. Осы келісімдердің ережелерін орындау үшін 2010 жылдың желтоқсанында «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС құрылып, оған жобалау компаниясының функциялары берілді. ЖШС Қазақстан заңнамасына сәйкес екі мемлекеттің тең үлестік қатысуы негізінде құрылды. Қазақстан тарапынан құрылтайшы ретінде «ҚазТрансГаз» АҚ, Қытай тарапынан – Trans-Asia Gas Pipeline (акционер – CNODC компаниясы, CNPC еншілес кәсіпорны) әрекет етеді. Біздің компанияның жарғылық капиталы 1 млрд. долларды құрайды, ол Қазақстан мен Қытайдың бірдей мөлшердегі жарналарынан құрылған.

Диаметрі 1067 мм магистральды газ құбырының бағыты Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Түркістан облыстарының аумағы арқылы өтеді. Жобаны іске асыру бірнеше кезеңде жүзеге асырылды.

9,8 МПа жобалық қысыммен өткізу қабілеті 6 млрд. текше метрге дейінгі бірінші кезең Ақтөбе облысының Шалқар ауданындағы «Бозой» ГӨС-тен

Түркістан облысының Сайрам ауданындағы «Ақбұлақ» ГӨС-ке дейінгі газ құбырының жалпы ұзындығы 1143,2 км желілік бөлігін және «Бозой» газ өлшеу станциясын (бұдан әрі-ГӨС) және газ құбыры инфрақұрылымы объектілерін (Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы КС-1 компрессорлық станциясы және «Бозой» вахталық кенті, Қызылорда облысындағы «Сексеуіл», «Ақсуат» және «Қараөзек» жөндеу – пайдалану учаскелері (бұдан әрі-ЖПУ) және Түркістан облысындағы «Шорнақ» ЖПУ), сондай-ақ Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Түркістан облыстарының аумағы бойынша газ құбырының технологиялық процесін автоматтандырылған басқару жүйесін (бұдан әрі – ТБАЖ) және телекоммуникациясын (талшықты-оптикалық байланыс желісі) салуды қамтиды.

2013 жылғы желтоқсанда газ құбырының жалпы ұзындығы 1143,2 км желілік бөлігі мен «Бозой» ГӨС пайдалануға берілді. Оның шеңберінде Түркістан облысы Сайрам ауданындағы «Ақбұлақ» ГӨС, КС-1 компрессорлық станциясы және Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы «Бозой» вахталық кенті пайдалануға берілді.

Өткізу қабілеті 10 млрд.текше метрге дейін, жобалық қысымы 7,4 Мпа болатын екінші кезең Маңғыстау облысының Бейнеу кентінен Ақтөбе облысының Бозой кентіне дейін жалпы ұзындығы 306,3 км газ құбырының желілік бөлігін, Қызылорда облысындағы «Қараөзек» КС-4 компрессорлық станциясын, Маңғыстау облысындағы «Бейнеу» ГӨС, сондай-ақ Қызылорда қаласындағы орталық диспетчерлік басқарудың ТПАБЖ (бұдан әрі-ОДБ) және Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Түркістан облыстарының аумағы бойынша газ құбырын салуды қамтыды [9].

2016 жылғы желтоқсанда газ құбырының Маңғыстау облысының Бейнеу кентінен Ақтөбе облысының Бозой кентіне дейінгі жалпы ұзындығы 306,3 км желілік бөлігі пайдалануға берілді. Оның аясында 2017 жылғы 29 қарашада Қызылорда облысындағы «Қараөзек» КС-4 компрессорлық станциясы пайдалануға тапсырылды.


2018 жылдың қараша айында Қызылорда қаласында орталық диспетчерлік басқарма (ОДБ) пайдалануға берілді. 2019 жылы «Қорқыт Ата», «Арал» және «Түркістан» компрессорлық станциялары пайдалануға берілді. Бозой – Шымкент учаскесінде газ құбырының қуаттылығы жылына 13 млрд м³ дейін жеткізілді; жобалық-сметалық құжаттама (ЖСҚ) әзірленді және Бейнеу-Бозой учаскесінде «1А» төртінші компрессорлық станция құрылысы бойынша негізгі жабдықты сатып алу жүргізілуде, аяқталу мерзімі-2020 жыл; техникалық-экономикалық есеп әзірленді, қатысушылармен ЖСҚ келісілді, оған сәйкес қолданыстағы «Бозой» компрессорлық станциясын, «Ақбұлақ» және «Бейнеу» газ өлшеу станцияларын кеңейту көзделеді.

Бейнеу-Бозой-Шымкент магистральдық газ құбыры 5-суретте көрсетілген. Қазақстан-Қытай газ құбырының екінші учаскесі болып табылады. Газ құбыры батыстағы мұнай және табиғи газ кен орындарын елдің оңтүстік өңірлерімен, сондай-ақ Бұхара газды өңірі – Ташкент-Бішкек- Алматы және Газли-Шымкент магистральдық газ құбырларымен және Орталық Азия-Қытай

газ құбырының «С» желісімен байланыстырады. БШГҚ нақты ұзындығы – 1 449,503 км, ал өткізу қабілеті – жылына 13 млрд. м³ құрайды. Болашақта газ құбырының қуатын 15 млрд. текше метрге дейін арттыру жоспарлануда, оның ішінде табиғи газды қазақстандық Өріқтау және Жаңажол кен орындарынан Қытайға экспорттау мақсатында. ҚТГ үлесіне ББШ газ тасымалдау көлемі 6-суретте бейнеленген.



Сурет 5 – Бейнеу-Бозой-Шымкент магистральдық газ құбыры



Сурет 6 – ҚТГ үлесіне ББШ газ тасымалдау көлемі, млн м³

1.3 Қолданыстағы ақпараттарды жинау жүйесі

1.3.1 Ақпараттарды жинау жүйесінің құрылымы және жұмысы
АЖЖ - бұл аумақтық бөлінген үш деңгейлі иерархиялық жүйе:

1. Жоғарғы деңгей - есеп беру ақпаратын алу немесе ақпарат алмасу бөлігінде біріңғай диспетчерлік орталық және газ тасымалдау компаниясының басқа бөлімдерін қамтитын деңгей.

АЖЖ жоғары деңгейінің бағдарламалық-техникалық кешеніне (БТК) мыналар кіреді:

- ұжымдық дисплей жүйесі және автоматтандырылған жұмыс орындары (АЖО) бар басқару бөлмесі;

- газ тасымалдайтын компаниялардың серверлік бөлмеде орналасқан АЖЖ орталық бөлігінің серверлік жабдықтары;

- апаттық істен шығу болған жағдайда АЖЖ орталық бөлігінің жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кезінде АЖЖ орталық бөлігінің серверлерінің жұмысын қайталайтын резервтік серверлік жабдық.

АЖЖ орталық бөлігінің серверлерінің жұмысын қайталайтын серверлер, қайталанатын серверлерде орнатылған бағдарламалық және техникалық құралдармен жабдықталған.

2. АЖЖ орташа деңгейі - бұл ГТЖ және КС, ЖӨБ, МГҚБ диспетчерлік орталықтарының технологиялық объектілерінің деңгейі, оған мыналар кіреді:

- диспетчерлік орталықтардың және технологиялық объектілердің қолданыстағы SCADA жүйелері;

- ақпараттарды жинауға, өңдеуге және АЖЖ жоғарғы деңгейіне жіберуге арналған жабдықты қоса алғанда, байланыс модульдері (шкафтар);

- деректерді АЖЖ-не қолмен енгізуді қамтамасыз ететін технологиялық объектілердегі МГҚБ, ЖӨБ диспетчерлік орталықтарында орналасқан автоматтандырылған жұмыс орындары.

3. АЖЖ-нің төменгі деңгейі - өлшеу түрлендіргіштері мен құрылғыларын қамтитын өріс деңгейі.

АЖЖ бағдарламалық-техникалық құралының құрылымы келесі талаптарды ескере отырып жасалған: бағдарламалық-техникалық және архитектураның негізгі ядросын өзгертпей ресурстарды қайта конфигурациялау және ұлғайту арқылы жаңа объектілерді қосу кезінде даму мүмкіндігі, газды құбырмен тасымалдау жүйесі объектілерінің жұмыс режимін реттеу мүмкіндігі үшін газ шығынын қашықтықтан есепке алу, көлденең, тік интеграцияны қамтамасыз ету, икемділік пен масштабтылықты қамтамасыз ету, икемді шектеу механизмімен біртектілікті қамтамасыз ету, деректерге, соның ішінде ЖӨБ мен МГҚБ сәйкес келетін жергілікті есептеу жүйесі арқылы қол жеткізуді бақылау, бүкіл жүйенің параметрлерін және конфигурациясын қамтамасыз ету, яғни автоматтандыру объектілеріндегі контроллерлерден серверлер мен оператордың жұмыс станциясына дейін [10].

АЖЖ компоненттері арасындағы ақпарат алмасу «ҚазТрансГаз» АҚ қолданыстағы телекоммуникациялық инфрақұрылымын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарламалық жасақтама модульдері арасында диспетчерлік ақпаратпен алмасу қолданбалы деңгейде (сеанс деректері, диспетчерлік тапсырмалар, нормативті-анықтамалық ақпараттар және т.б.) қолданбалы файл алмасу хаттамаларын қолдана отырып арнайы форматтағы файлдармен жүзеге асырылады. Технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесінен мәліметтерді жіберу үшін сервер арасындағы байланыс хаттамалары қолданылады [11].

АЖЖ технологиялық объектілердің және SCADA жүйелерінің іргелес қолданыстағы АБЖ-мен және болашақта ГТЖ технологиялық қондырғыларында және диспетчерлік орталықтарда құрылатын жүйелермен біріктіру мүмкіндігін ұсынады [12].

КС, ЖӨБ, МГҚБ диспетчерлік орталықтарының қолданыстағы SCADA-жүйелерімен және осы жүйелерден автоматты режимде қажетті телеинформацияны жинауды қамтамасыз ету үшін ГТЖ технологиялық объектілеріндегі қолданыстағы АБЖ-мен; ЖӨБ, МГҚБ диспетчерлік орталықтарынан және технологиялық объектілерден екі сағаттық мәліметтерді қолмен енгізу мүмкіндігімен; АЖЖ-сін мамандандырылған бағдарламалық жасақтама модульдері мен газ тасымалдау жүйесінің жұмыс режимдерін оңтайландыру және модельдеу бойынша кешендермен және болжау модульдері қарастырылған.

АЖЖ-ін еншілес және тәуелді ұйымдардың (ЕТҰ) автоматтандыру құралдары мен жүйелеріне қосу:

- өлшеу жүйелерінің метрологиялық сипаттамаларын бұзбайды және өлшеу арналарын тексеруге және калибрлеуге кедергі келтірмейді;
- технологиялық объектілерді қосудың қолданыстағы технологиялық және электрлік схемаларын бұзбайды.

БДО-тың объектілерді автоматтандыру жүйелерімен өзара әрекеттесуі үйлесімді бағдарламалық өнімдерге және TCP / IP протоколы бойынша OPC технологиясына негізделген мәліметтер алмасудың арнайы құралдарына негізделген. АЖЖ функционалды түрде, бағынышты объектілердің SCADA-мен ынтымақтастықта параметрлердің сенімді бақылауын қамтамасыз етеді.

АЖЖ негізі (тұрақты), өнімділігі төмен, АЖЖ профилактикалық режимдерде жұмыс істейді.

АЖЖ-нің негізгі режимі барлық жарияланған функциялардың орындалуын қолдайды. Олар:

- 1) бағдарламалық-техникалық жабдықтар (PTS) 24*7*365 режимінде жұмыс істейді (тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн, жылына 365 күн);
- 2) бүкіл техникалық жабдықтар кешені (ТЖК) дұрыс жұмыс істейді;
- 3) жүйелік, базалық және қолданбалы бағдарламалық жасақтаманың (БЖ) дұрыс жұмыс істеуі.

АЖЖ өнімділігі жоғалған жұмыс режимі апаттық режиміндегі жұмыс болып табылады.

Өнімділігі төмендеген жұмыс режиміндегі АЖЖ жедел диспетчерлік басқару және диспетчерлік есеп беру жүйелері үшін барлық функционалды көлемді қамтамасыз етеді (және тиісті сақтау функциялары, ақпаратты көрсету). Кейбір функциялар уақытша қол жетімді болмауы мүмкін.

АЖЖ-нің профилактикалық жұмыс режимінде АЖЖ-не қызмет көрсетіледі және конфигурацияланады, жүйемен интерактивті жұмыспен байланысты функцияларды ажыратуға болады. Байланыс модульдері деңгейінде жұмыстарды орындау кезінде жүйе негізгі жұмыс режиміне ауысқаннан кейін автоматты түрде АЖЖ-не беріле отырып, мәліметтер жинақталады.

АЖЖ барлық деңгейлерде нақты уақыт режимінде ақпарат алмасуды оңтайландырады.

БДО, МГҚБ, ЖӨБ, НБТ деңгейлеріндегі компрессорлық станциялар мен ГТС-ның өлшеу түйіндерінде АЖЖ қамтамасыз етеді:

- ресурстарды қайта конфигурациялау және ұлғайту жолымен, бірақ бағдарламалық-техникалық жабдықтың негізгі ядросын өзгертпей жаңа объектілерді қосу кезінде даму мүмкіндігі;

- ақпараттық ағындар мен ақпаратты көрсетудің қолданушы формаларын өзгерту мақсатында жұмыс кезінде жүйені параметризациясы;

- бағдарламалық-техникалық жабдықтарды технологиялық объектілердің қажетті жұмыс режиміне келтіру.

АЖЖ-нің бағдарламалық техникалық жабдықтары АЖЖ-нің ТЖК-нің істен шығуы мен ақауларын диагностикалауды, соның ішінде олардың жұмысын бастамас бұрын құрылғыларды сынауды; АЖЖ-дегі оқиғаларды, АЖЖ-нің ТЖК-де сыни жағдайлардың туындау себептерін кейіннен талдау мүмкіндігімен тіркеуді; операциялық жүйенің басқару және кірістірілген процедураларды қолдана отырып, АЖЖ-нің бағдарламалық жасақтамасының ақаулары мен істен шығуын диагностикалауға мүмкіндік береді.

1.3.2 Жүйе іске асыратын функциялардың құрамы мен міндеттері

АЖЖ жедел – диспетчерлік басқару, информациялық өзара әрекеттесу, деректерді сақтау, есеп беруді қалыптастыру, дисплейді көрсету, АЖЖ жүйесін администрациядау және басқару функцияларды қамтиды [13].

АЖЖ жүйесі ГТЖ жедел диспетчерлік басқару функциясы келесі негізгі функцияларды (міндеттерді) автоматтандыру арқылы қамтамасыз етеді: тасымалдау объектілерінің жұмыс режимін, табиғи газды жер асты қоймасында және таратуда жедел бақылау (нақты болған жағдайда); тасымалдау объектілерінің жұмыс режимін, табиғи газды жер асты қоймасында және таралуын сессия мәліметтері негізінде құрылған «диспетчерлік журнал» түрінде бақылау (МГҚБ-лары есептерді 2 сағатта 1 рет, тәулігіне 1 реттік аралықпен жібереді; тұтынушыларға жеткізілетін газдың сапа көрсеткіштері мен технологиялық жағдайларын бақылау; тәуелсіз газ өндірушілер мен

жеткізушілердің газбен қамтамасыз етуді және транзитін бақылау; газ құбыры учаскелерінің ажыратылуын және оларды пайдалануға енгізуді бақылау; жерасты қоймаларында және жалпы ГТЖ бойынша табиғи газды таратуын, газ ағындары мен тасымалдау объектілерінің газ қорларын жедел диспетчерлік бақылау; төтенше және төтенше жағдайлар қауіпі бар кезіндегі визуалды сигнал беру; диспетчерлік тапсырмаларды қалыптастыру және компанияның бөлімшелерінің диспетчерлік тапсырмаларды орындауын қадағалау.

АЖЖ жүйесінің ақпараттық өзара әрекеттесу функциясы газ тасымалдау компаниясының бірінші диспетчерлік орталығы мен серіктес компаниялардың магистральдық газ құбырлары басқармасы арасында деңгей аралық, технологиялық объектілердің АБЖ-мен АЖЖ арасында, АЖ және басқа компаниялардың SCADA мен АЖЖ арасында, газ тасымалдаушы компания қолданатын ГАЗ мен АЖЖ арасында ақпараттық өзара әрекеттесулерді қамтамасыз етеді [14].

Ақпараттық өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету жағдайында деректерді қабылдау / беру, деректерді MySQL көмегімен басқа жүйелерге импорттау және экспорттау, деректерді қолмен енгізу экрандары арқылы импорттау, Microsoft Office форматтарының тест файлдарын қолдану арқылы деректерді импорттау және экспорттау, диспетчерлік есептік деректерінің алынғандығын растаумен қоса, сұраныс бойынша да, автоматты режимде де есептерді автоматты түрде құру, ЖӨБ деңгейінде автоматты түрде және қолмен жасалынатын сессия қорытындыларын МГҚБ диспетчерімен БДО-қа ақпарат жіберілмес бұрын тексеруге арналған интерфейсі сияқты негізгі функциялар орындалады.

Мәліметтерді жинау және беру келесі режимдерде жүзеге асырылады:

1) диспетчерлік тапсырмаларға қатысты төтенше жағдайларды анықтау және ГТС жұмыс режимдерінің өзгеруін бақылау мақсатында қолданылатын нақты уақыта (өлшенген технологиялық параметрлер);

2) сессия, оның ішінде:

2.1) ГТЖ жұмыс режимдерін бақылау үшін қолданылатын технологиялық деректерді жинаудың екі сағаттық циклі;

2.2) статистикалық және есептік деректерді жинаудың күнделікті, айлық, тоқсандық, жылдық циклдары;

3) эпизодтық сұраныстар (диспетчерлік тапсырмалар, жөндеу жұмыстарына сұраныстар және т.б.).

АЖЖ байланыс үзілген кезде деректерді жеткізуді қоса алғанда, сеанстық және эпизодтық режимдерде мәліметтерді жеткізуді кепілті түрде қамтамасыз етеді (жіберушінің деректері байланыс қалпына келген бойда алушыға жетеді).

АЖЖ деректердің жеткізілуін растау процедурасын жүзеге асырады - жіберуші деректерді алушыға толық жеткізгені туралы хабарлама алады.

АЖЖ-нің деректерді ЖӨБ серверлерінде өлшенген технологиялық параметрлерді кемінде 3 апта, МГҚБ серверлерінде кемінде 3 ай, газ тасымалдау компаниясының диспетчерлік есептік мәліметтерін, серіктес компаниялардың диспетчерлік орталықтарынан келген ақпараттарды, есептеу мәліметтерін, құрылымдалмаған ақпаратты сақтайды.

АЖЖ есеп беруге жоспарланған, сессиялық және болжамдық ақпараттың мұрағаты негізінде жиынтық және аналитикалық есептерді қалыптастыру, қол жетімділік құқықтарына (рөлдеріне) негізделіп, есептерге пайдаланушының қол жетімділігін саралау, есептерді Microsoft Office қосымшаларына экспорттау және импорттау, Microsoft Excel бағдарламалық жасақтамасын пайдаланып деректерді қолмен енгізу функциялары кіреді.

Белгіленген жиілікте немесе сұраныс бойынша есептерді қалыптастыруды автоматты түрде жүзеге асырылады.

АЖЖ пайдаланушыларының ұжымдық пайдалану жүйесінде және автоматтандырылған жұмыс станциясының мониторларында көрсету үшін дисплеймен бірге экрандық формалар құрылды. Ол экрандық формаларда Қазақстан Республикасының магистральдық газ құбырларының шолу сызбасы, аймақтар бойынша газ тарату құбырларының шолу сызбасы, МГҚБ-ларына бөлінген газ құбырларының шолу сызбасы, магистральдық газ құбырының технологиялық қондырғылары мен учаскелері, МГҚБ, ЖӨБ-ларына бөлінген ГТЖ технологиялық схемалары көрсетілген.

Журналдарды жүргізуді қоса алғанда, АЖЖ аппараттық және бағдарламалық жасақтамасының жұмысын бақылау; АЖЖ жүйесін пайдалану кезіндегі апаттар, ақаулар және төтенше жағдайлар туралы деректерді беру және мұрағаттау және АЖЖ әкімшілеріне хабарламалар жіберу, ақпараттық ресурстарға және АЖЖ модульдеріне қол жеткізу құқықтарын саралау, пайдаланушыларды олардың лауазымдық міндеттеріне байланысты оларға сәйкес профильдер тағайындай отырып, топтарға біріктіруді АЖЖ әкімшілігі мен басқару функциясы қамтамасыз етеді.

АЖЖ-нің біріңғай диспетчерлік орталығындағы бағдарламалық-аппараттық кешені келесі компоненттерден тұрады:

- 1) АЖЖ серверлік платформасы;
- 2) деректер сақтау жүйесі;
- 3) үздіксіз электр энергиясымен жабдықтау жүйесі;
- 4) ұжымдық көрсету жүйесі;
- 5) желілік жабдық.

Негізгі электрмен жабдықтауды жүзеге асыру үшін БДО жабдықтары автономды қуат көзі генератормен қамтитын кепілдендірілген электрмен жабдықтау желісіне қосылды. Сақтық қуат үздіксіз қуат көзімен жүзеге асырылады. Серверлік жабдықтау өзара тәуелсіз, тез ауыстырылатын, кіріктірілген қуат көздері бар. Электрмен жабдықтаудың негізгі блогы кепілдендірілген қуат көзінің жергілікті желісіне, ал резервтік қоректендіру блогы үздіксіз қуат көзіне қосылады, автономды жұмыс уақыты кемінде екі сағатқа есептелген [15].

Құбырлардағы газдың көлемін түзету жүйенің орташа қысымы немесе температурасының өзгеруіне байланысты құбырлардағы газдың көлемінің ұлғаюын немесе төмендеуін ескеру үшін жасалады. Теңгерімсіздікті есептеу қиын болғандықтан, құбырлардағы газдың көлеміндегі өзгерістерді қолмен

өтеу қиын. Әдетте газдың көлемінің тығыздығының өзгеруіне түзетулер енгізілмейді (түгендеу, қор, айналым).

Баланстық теңдеу VB әдісінде [46, р. 269] баланс жасау кезеңіндегі ағындар айырмашылығын ескере отырып газ қорының өзгеру көлемін алдыңғы бөлімде сипатталған желілік балансына қосады. Дисбаланс ол құбырдан газдың ағып кетуі немесе өлшеу құрылғыларының қателігі деп түсіндіреді.

Теңгерімсіздікті анықтау осы әдіснаманы қолдану арқылы құбырды теңдестіру әдістемесіне қарағанда жылдамырақ болады.

Газ қорының өзгеруі газдың сығылу, қысым мен температура сияқты қасиеттеріне, сондай-ақ құбырдың өлшемі мен ұзындығы сияқты деректеріне байланысты. Газ қорының өзгеруі динамикалық шама болғандықтан, газдың сығылу қабілеті, қысым мен температура қордың өзгеруін есептеу кезінде ең маңызды параметрлер болып табылады. Бұл әдіс қордың динамикалық өзгеруін дәл есептемейді. Әдетте, газдың қоры және оның өзгеруі газдың орташа тығыздығымен бірге өлшенген қысыммен немесе температура көмегімен есептеледі. Құбырды тұрақты күйде деп болжап, орташа қысым мен температураны есептейді. Бұл есептеу әр түрлі газ сапасына ие әр түрлі жеткізушілердің газы осы құбыр арқылы тасымалданған жағдайда да орындалады. Құбырдағы газ қорының көлемін алу үшін газдың орташа тығыздықты құбырдың көлеміне көбейтеді. Газ қорының өзгеруі - бұл газ құбырының қазіргі сәттегі және алдыңғы кезеңдегіден айырмашылығы. Бұл әдіс құбырдағы орташа қысым мен температураны бағалау үшін тұрақты жағдайды қабылдайтындықтан, егер өткінші жағдайлар ауыр болса, құбыр өлшемі үлкен болса, құбыр ұзындығы үлкен болса немесе немесе газ көбірек сығылатын болса, құбырдағы газ қорын есептеудегі қателік үлкен болуы мүмкін. Құбырдағы газ қорын есептеу кезінде өнімнің қасиеттері өте маңызды. Оларды газдың тығыздығы сияқты белгілі параметрлер негізінде өлшеуге немесе салыстыруға болады. Қасиеттерге өнімнің тығыздығы, сығылу мүмкіндігі, сондай-ақ оның жылу кеңею коэффициенті жатады. Олар күй теңдеуімен тығыздық, қысым және температура арқылы өрнектеледі.

Кем дегенде, бұл әдіс барлық айдау және жеткізу орындарында ағын мен қысым датчиктерін қажет етеді. Өлшенген ағындар немесе көлемдер шығын өлшегіштермен шектелген құбырлар бойынша ағындар айырымын есептеу үшін тікелей қолданылады. Шығын өлшегіштердің дәлдігі неғұрлым жоғары болса, теңгерімсіздікке ұзақ мерзімді сезімталдық соғұрлым жоғары болады. Желілік теңдестіру әдісінен айырмашылығы, қысым мен температураның өлшенген мәндері, әсіресе айдау нүктелерінде, құбырдағы газ қорын есептеу үшін, сондай-ақ өлшенген көлемді немесе ағындарды стандартты жағдайларға түзету үшін қолданылады.

Көлемдік балансының теңдеуіне газ қорының өзгеруін қосқанда теңгерімсіздік қателігін азайтуға болады. Алайда, барлық жұмыс жағдайларында тұрақты күйді қабылдау және құбырдағы газ қорының өзгеруін жеңілдетілген күйде есептеулер құбырдағы газ қорын есептеу кезінде үлкен қателіктерге әкелуі мүмкін.

2.5.3 Динамикалық режимдегі араласқан газдардың балансының көлемдік әдісі

«Бұл көлем өлшегіштерге негізделген әдіс - бұл көлемді теңгерудің озық әдісі. Үлкен көлемдегі газды түзету динамикалық көлем модулін қолдана отырып, газ құбырының көлемінің өзгеруін есепке алу арқылы жүзеге асырылады. Бұл модуль олардың арнаны толтыру көлеміне пайызына байланысты әр түрлі сападағы газдың көлемдік массасының модульдерінен есептеледі [46, р. 271].

Өзгертілген баланстың көлемдік әдісі – баланстың көлемдік әдісінің өзгертілген нұсқасы ол өнімнің қасиеттерін дәлірек есепке алуды қолданумен ерекшеленеді. Алдыңғы бөлімде айтылғандай, дозалау және араластыру сияқты өнімнің қозғалыстарымен айналысқанда баланстың көлемдік әдісі дәл емес. Баланстың көлемдік әдісі сияқты жалғыз репрезентативті көлемді модульді немесе өнімнің сығылу қабілетін пайдаланудың орнына, өзгертілген баланстың көлемдік әдісі құбыр бойымен партияларды қадағалайды және әр құбыр сегменті үшін серпімділіктің орташа көлемді модулін динамикалық түрде есептейді. Құбыр сегменттерінің газ қорын және оның өзгеруін, сонымен қатар газдың жалпы қорын және оның өзгеруін есептеу үшін сегменттің көлемді модулі қолданылады, содан кейін барлық өзгерістер қорытындыланады.

2.5.4 Динамикалық режимдегі газ балансының көлемдік әдісі

«Өзгертілген баланстың көлемдік әдісін одан әрі жетілдіру үшін бұл көлемді теңдестіру әдісі қысым мен температура профильдерін газдың құбырдағы қорын есептеу үшін кіріс ретінде дәлірек айқындау үшін өлшеу нүктелері арасындағы құбыр жағдайларын имитациялайды. Құбыр қол жетімді жабдыққа, биіктік сипаттамаларына және қажетті сезімталдық деңгейіне байланысты алдын-ала белгіленген сегменттер санына бөлінеді. Сонымен қатар, құбырдағы газ қоры партиялық, гидравликалық аномалияны қадағалау көмегімен анықталады. Көлем теңгерімсіздігі әдетте бірнеше уақыт аралығында бақыланады (мысалы, 15 минуттан 24 сағатқа дейін, және апталық және айлық) газ теңгерімсіздігін немесе әртүрлі көлемдегі газдың құбырдың ағып кетуді анықтау үшін қолданылады.

Жоғарыда анықталғандай, компенсацияланған баланс әдісі өзгертілген баланстың көлемдік әдісінің кеңейтілген нұсқасы болып табылады [46, р. 272]. Компенсацияланған баланс әдісі шекара шарты ретінде кіріс температурасы бар энергетикалық теңдеуді шешу арқылы құбыр бойындағы температуралық профильдерді есептейді.

Температуралық модельге жерге жылу беру, газдың құбыр бойынмен қозғалысынан энергия беру, үйкелісті қыздыру және мүмкін Джоуль-Томсон эффектісі жатады.

Компенсацияланған баланс әдісі флюидтардың қозғалысын, соның ішінде топтаманы, флюидты араластыруды және өнімнің сипаттамаларын, шөгінділер мен судың мөлшері сияқты ауытқуларды ескереді. Ол әр партияның көлемі мен өнімнің қасиеттерін бақылайды. Топтаманың көлемдері құбыр бойындағы

өлшеу пункттерінен алынған айдау және жеткізу көлемдері негізінде жаңартылады. Топтаманың басталуы тығыздықтың өзгеруімен, клапан күйінің өзгеруімен туындауы мүмкін немесе жоспарланған болуы мүмкін. Магистральды газ құбырларындағы газ айдалатын түйіспелерде өнімдерді араластыру, араластыру процесінде масса мен энергияның сақталуымен имитацияланады.

Компенсацияланған баланс әдісі құбыр бойындағы қысым профильдерін есептеу үшін өлшенген қысым мәндерін, биіктік профильдерін, газ тығыздығын және құбырдағы газ партияларының орналасуын қолданады. Ол импульс теңдеуін тікелей шеше алмайды, өйткені импульс теңдеуін шешу үшін тұтқырлық және басқа газдың кейде алу қиын дәлірек сипаттамалары сияқты мәліметтер қажет. Құбыр учаскесіндегі газ қоры мен оның өзгеруін есептеу үшін қысым мен температураның есептелген профильдері қолданылады. Қысым мен температура профильдері құбырдың тұрақты күйінде деген болжам негізінде есептелетіндіктен, шамамен бір қалыпты күйдегі газдың болжамды көлемі дәл болып табылады.

Алайда, құбырдағы болжамды газ қоры және олардың уақытша жағдайлар кезіндегі өзгерістері тұрақты күйге байланысты өте дәл бола алмайды. Өтпелі кезеңдегі газ қорын есептеу қателігін азайту үшін газ қорының өзгеруіне фильтрлеу техникасын қолдануға болады. Фильтрлеу параметрін сканерлеу уақытында қысым толқыны тарала алатын арақашықтықтың екі қысым өлшеу арасындағы арақашықтыққа қатынасы арқылы анықтауға болады. Бұл фильтрлеу әдісі өтпелі кезеңдегі әр түрлі факторлардың әсерінен болатын газ қорының өзгеру қателіктерінің өсуін қамтуы мүмкін. Бұл әдіс әсіресе көптеген құбыр учаскелерінен тұратын құбырларға арналған газ қорын ауыстыру кезінде қателіктерді азайту үшін өте пайдалы.

Кем дегенде, бұл сығымдау станциялары мен газбен жабдықтаудың барлық нүктелерінде ағын мен қысым датчиктерін қажет етеді. Егер температураны модельдеу қажет болса, ең болмағанда өлшенген температурасын моделі болуы керек. Егер құбыр желісі әртүрлі сападағы газды партия түрінде тасымалдайтын болса, онда денситометр немесе іртүрлі сапылы газдың идентификаторы бар сериялардың басталуын анықтау сигналы қажет.

Ағындық процестер мен операциялар үшін осы әдістегі дисбаланс, алдыңғы екі әдіс сияқты дисбаланстармен салыстырғанда өтпелі процестер кезінде тіпті азаяды. Өйткені ауыр өтпелі кезеңдегі дисбаланс салыстырмалы түрде аз болғандықтан, уақытша өнімділікте аз ғана деградация байқалады.

Бұл әдіс дисбаланстың себебін құбырдың ағып кету кезеңінде тұрақты болатындығын ескере отырып, қысым градиенттерін пайдаланып ағып кету орны ретінде анықтайды. Қысым градиентін өлшенген ағын жылдамдығынан немесе биіктікке түзетілген қысымның өлшенген екі мәнінен есептеуге болады. Ағып кетудің кіріс жағындағы қысым градиенті шығыс жағындағы қысым градиентінен жоғары. Газ құбыры тұрақты күйде болғанда және қысым профилі температураға түзетілген кезде газ қысымының градиенті сызықтық деп болжауға болады [47]. Ағып кету екі градиенттің қиылысында орналасқан.

Бірақ бұл әдіс ағып кетуді өте аз ағып кету үшін таба алмауы мүмкін, өйткені қиылысу нүктесін табу үшін қысым градиенттерінің айырмашылығы өте аз.

2-бөлім бойынша қорытындылар

Құбырларды басқару және пайдалану үшін өлшемдер өте маңызды. Өлшеу жүйесінің мақсаты - өлшенетін айнымалыға сәйкес келетін сандық мәнді анықтау. Құбыр желісі арқылы тасымалдайтын компаниялар газ жөнелтушілерден тасымалдау ақысын олардың тасымалданған тауарларының мөлшеріне қарай алады, егер олар өнімнің сапасы сияқты басқа да тасымалдау талаптарын қанағаттандырса.

Екінші бөлімде газды коммерциялық есепке алуға қажетті магистральдық газ құбырларындағы газ көлемі және газдың технологиялық параметрлерін өлшеу жүйелерін орталықтандырылған автоматтандыру жағдайында қарастырылған. Өлшеу жүйелерінің жалпы сипаттамалары, өлшеу құрылғылары және газ көлемін есепке алу жүйесінің үрдістері мен көлемді есепке алу жүйесінің әдістері қарастырылған. Газды есепке алу мен баланс үрдістерін тиімді басқару үшін орталықтандырылған автоматтандырылған газды есепке алу жүйесі қажеттілігі туындайды.

3 ГАЗДЫ ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ МОДЕЛЬДЕРІ МЕН ДИСБАЛАНСТЫ АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Газ тасымалдаушы компанияның негізгі міндеттері газ тасымалдау жоспарын орындау, тұтынушыларға газдың шарттық көлемдерін кепілдендірілген жеткізу және тасымалданатын газ көлемінің есебін дұрыс жүргізу болып табылады. Қойылған міндеттерді технологиялық шектеулер, сонымен қатар компанияда жүргізілетін техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жағдайында шешу қажет. Сонымен бірге энергияның минималды шығындарының критерийі бойынша газ тасымалдаушы компанияның жұмысының жоғары тиімділігін қамтамасыз ету қажет [48].

Газ тасымалдау жүйесін компанияның өндірістік-диспетчерлік қызметі басқарады. Жедел диспетчерлік басқарудың типтік процесі (төтенше жағдайларды қоспағанда) келесідей кезеңдерден тұрады:

- газды тасымалдау және тарату жоспарын, жүйенің ағымдағы жай-күйін, газ құбырының учаскелері мен технологиялық жабдықтарға жоспарлы техникалық қызмет көрсету және жөндеуді ескере отырып, жұмыс режимін жоспарлау;

- ГТЖ-нің жоспарланған жұмыс режимін белгілеу;

- технологиялық процестің параметрлерін бақылау, жоспарлы көрсеткіштерден ауытқуды анықтау;

- жоспарланған режимге оралу үшін түзету шараларын жүргізу (қажет болған жағдайда).

Жедел диспетчерлік басқару жоғарыда сипатталған кезеңдер циклді түрде қайталанатын бірнеше күнге дейінгі уақытты қамтиды.

Газ тасымалдау жүйесі бірқатар ерекшеліктері бар күрделі басқару объектісі болып табылады:

- жүйенің географиялық ауқымы мен инерциясы. Бір нүктеде басқару әрекеттерін қолданудан жүйенің қажетті реакциясына дейінгі уақыт (әдетте, басқа нүктеде) бірнеше сағатты құрайды. Жүйенің басқару әрекетіне реакциясы газ тасымалдау жүйесінің ағымдағы күйіне ғана емес, сонымен қатар оның тарихына да байланысты (стационарлық емес режим);

- айтарлықтай әртүрлі инерцияға ие жүйенің өзара байланысты элементтерінің болуы (мысалы, компрессорлық станциясы бар үлкен диаметрлі ұзын магистральдық газ құбыры және ірі тұтынушыға қысқа газ құбыры тармағы);

- газды тұтынудың тәуліктік және апталық айтарлықтай ауытқуы;

- газды тасымалдау және жеткізу жоспарларын өзгерту;

- қолда бар ресурстарға шектеулер: ГТЖ-не газдың берілуі, құбырлардағы газ қоры, газ айдау агрегаттарының қуат қоры және т.б.;

- технологиялық шектеулер (максималды және ең аз қысым, қысымның өзгеру жылдамдығы, учаскенің өткізу қабілеті және т.б.);

- техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу кезінде учаскелердің бір бөлігінің тоқтап қалуына байланысты газ тасымалдау жүйесінің сипаттамаларының өзгеруі;

- максималды тиімділікке жетудің айқын емес әдістері. Қазіргі уақытта максималды тиімділікті қамтамасыз ететін шешім болашақта энергия ресурстарын тұтынудың артуына және кезең ішінде газ тасымалдау жүйесінің жұмысының жалпы тиімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Диспетчерлік басқару тұрғысынан газ тарату жүйелері, әсіресе ірі өнеркәсіптік аудандарда күрделірек объектілер болып табылады. Олар үшін болжамды модельді қолданатын басқару ең тиімді болып табылады.

Қазіргі уақытта газ тасымалдау жүйелерін басқару үшін болжамды модельді бар басқару әдісі кеңінен қолданылады [49]. Дегенмен, әдісті газ тасымалдау жүйесін басқару үшін қолдану бірқатар мүмкіндіктерге ие.

Болжамдық модельмен басқару, егер болжам жоғары дәлдікте болса ғана оң нәтиже береді, оған онлайн режимінде ГТЖ стационарлық емес математикалық модельдерін пайдалану арқылы қол жеткізіледі [50]. Бұл режимде модель SCADA-ға қосылады және одан нақты параметрлерді үнемі оқиды. Болжамды болашақты есептеу кезінде газ тасымалдау жүйесінің ағымдағы және бұрынғы күйлері қолданылады. Болжамның жоғары дәлдігін қамтамасыз ету үшін газ тасымалдау жүйесінің адекватты математикалық моделін қолданып қана қоймай, сонымен қатар қолданылатын нақты параметрлердің (олардың саны бірнеше мыңға жуық) кепілдік берілген сенімділігін қамтамасыз ету қажет. Нақты жүйеде датчиктердің істен шығуы, байланыстың болмауы және т.б. нақты параметрлердің бір бөлігі үнемі сенімсіз. Модельдеудің жоғары дәлдігін алу үшін сенімсіз параметрлерді қабылдамай, нақты деректерді алдын ала өңдеу қажет [51].

Газ тасымалдау жүйесінің болжамын есептеу кезінде модельдеу әдетте қысым, температура немесе газ ағыны болжанған уақытта тұрақты деп есептейді. Газ тарату жүйелері үшін бұл болжамның дәлдігін айтарлықтай төмендетеді. Дәлдікті арттыру үшін күнделікті газды тұтынудың біркелкі еместігін ескеру қажет, ол үшін сәйкес алгоритмдер мен бағдарламалық жүйелер әзірленген [52].

Дегенмен, болжау барысында технологиялық шектеулерге жеткен кездегі газ тасымалдау жүйесінің математикалық моделінің әрекеті, сондай-ақ болжам нәтижелерін диспетчерге ұсыну мәселесі әлі пысықталған жоқ. Газ тасымалдау жүйесі - бұл әртүрлі уақытта (болжау кезінде) қолданылуы мүмкін көптеген мақсатты параметрлерге ие және үздіксіз және дискретті түрдегі ықтимал басқару әрекеттері бар басқару объектісі. Мұндай жүйелерді соңғы пайдаланушы үшін қолайлы уақытқа оңтайландырудың әмбебап математикалық әдістері мен алгоритмдері қазіргі уақытта өндірістік тәжірибеде жоқ [53]. Оңтайлы басқару стратегиясын диспетчер өз білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып таңдайды. Сондықтан газ тасымалдау жүйесінің режимін болжау нәтижелерін диспетчерге ұсыну формасы ең маңызды болып табылады.

Модель диспетчерге барлық автоматты түрде енгізілген қысым, температура және газ шығыны мен жабдықтың жұмыс режимдеріндегі өзгерістер туралы хабарлауы керек. Болжаудың мұндай нұсқасы ықтимал проблеманың масштабын ауқымы мен уақыты бойынша бағалауға, оны жою бойынша қажетті шараларды қабылдауға (соның ішінде соңғы шара ретінде тұтынушыларға газ жеткізуді шектеу) мүмкіндік береді.

3.1 МГҚ арқылы тасымалданатын газдың балансының математикалық моделі

Газды дұрыс есепке алу – ол құбырдағы газ балансының теңдігін қамтамасыз ету. Баланс дегеніміз магистральдық газ құбырынан тұтынушыға (потребление) кететін газ көлемінен, газ құбырына жеткізушіден (поставщик) келетін газ көлемінің айырмасы. Газ балансын есептеу кезінде балансты құру кезеңіндегі технологиялық қордың өзгерісін ескеру қажет. Егер қордың өзгерісі теріс болса, онда технологиялық қордан алынған түсім (поставщик) ретінде есепке алынады. Егер қордағы өзгеріс оң мәнге ие болса, онда технологиялық қорға салынған (потребление) газдың шығыны ретінде қабылданады.

Жүргізілген зерттеулер бойынша газ балансын есептеу келесі (1), (38) формулалармен есептеледі:

$$V_p = V_{номр} - V_{пост} \quad (1)$$

(1) формула бойынша газ балансын есептегенде магистральдық газ құбырындағы газ қорының өзгеруі есепке алынбаған. Бұл формула бойынша газ балансының нақты көрсеткішін анықтау мүмкін емес. Себебі, бұл әдіспен дисбалансты уақытында анықтай алмайды және тек айлық коммерциялық есеп айырысу кезінде, өлшеу құрылғыларының көрсеткіштерімен жүзеге асырылады. Осы ай кезінде дисбаланс болған жағдайда шығындардың барлығы газ тасымалдайтын компанияның есебінен жүргізіледі.

$$I_{mb} = V_{in} - V_{out} - \Delta LP \quad (38)$$

(38) формула бойынша газ балансын есептегенде магистральдық газ құбырларындағы газ қорының өзгеруі есепке алынған. Бірақ бұл әдіспен есептегенде құбырдағы газ қорының тек өзгеруінің мәні ғана алынған. Алайда газ қорының өзгеру мәні, құбырдан немесе құбырда қалған газ қорының өзгеру трендін көре алмаймыз.

Сонымен қатар бұл модельдегі баланстың мәні оң немесе теріс мағынасы практикалық тұрғыдан газдың есебін жүргізетін газ тасымалдаушы компанияға қолайсыз. Себебі мәні оң болған жағдайда ол газ тасымалдайтын компанияның шығыны, ал мәні теріс болғанда жеткізуші немесе тұтынушы компанияның шығыны болып табылады. Бұл модель практикалық жағынан қолайсыз.

Осы диссертациялық зерттеу жұмысында жоғарыда аталған кемшіліктерді жойып, магистральдық құбырлар арқылы тасымалданатын газды есепке алу және баланс үрдістерін басқаруға мүмкіндік беретін газ балансының келесі математикалық моделі ұсынылып, төменде келтірілген:

$$Q_x(t) = \left(\sum Q_{i_{номр}}(t) + \sum Q_{i_k}(t) + Q_{z_1}(t) \right) - \left(\sum Q_{i_{ност}}(t) + Q_{z_2}(t) \right) \quad (39)$$

мұнда $Q_{i_{номр}}(t)$ - балансты құру кезеңіндегі уақыт интервалындағы і-ші тұтынушының газ көлемі, м³/сағ;

$Q_{z_1}(t)$ - балансты құру кезеңінде уақыт интервалындағы құбырда қалған қалдық газ қорының өзгеруі (құбырға), м³;

$Q_{z_2}(t)$ - балансты құру кезеңіндегі уақыт интервалындағы құбырдағы газ қорының өзгеруі (құбырдан), м³;

$Q_{i_{ност}}(t)$ - балансты құру кезеңіндегі уақыт интервалындағы і-ші жеткізушінің газ көлемі, м³/сағ;

$Q_{i_k}(t)$ - балансты құру кезеңіндегі уақыт интервалындағы ӨҚЖТШ газының көлемі (өзіндік қажеттіліктер және технологиялық шығындар), м³/сағ.

Бұл математикалық модель арқылы газ балансын және газ қорының өзгеруін уақыт интервалында есептейді, ол бізге газдың технологиялық параметрлерін, баланспен газ қорының өзгеруін салыстыру арқылы жүйедегі ауытқуларды дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалданатын газды есепке алуды жақсартады, газды тасымалдаудың режимін болжауға және дер кезінде анықталған ауытқуларға түзету әрекеттерін жасай отырып, соңғы тұтынушыға дейін газды іркіліксіз, қауіпсіз және тиімді жеткізуді басқаруға мүмкіндік береді.

«Бұқара Газды ауданы – Ташкент – Бішкек - Алматы» магистральдық газ құбырының учаскесінің 8 күндік шығыс деректері 3-кестеде келтірілген.

Кесте 3 - «Бұқара Газды ауданы – Ташкент – Бішкек - Алматы» магистральдық газ құбырының 8 күндік шығыс деректері

Күндер	1 күн	2 күн	3 күн	4 күн	5 күн	6 күн	7 күн	8 күн
Газ ресурстары	22926,13	21943,15	20427,79	20338,28	20574,07	19765,23	19978,71	19116,61
Газды тарату	22112,88	21687,27	21594,91	21027,80	22399,67	20222,94	18318,78	17833,06
Газ қоры (құбырдан)	0,00	145,34	1418,25	616,35	2183,21	665,69	0,00	0,00
Газ қоры (құбырға)	304,81	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	1108,08	1019,41
ӨҚМТШ	90,98	91,00	79,54	74,18	60,66	57,40	64,06	70,67

Ұсынылып отырған модель бойынша 2-кестедегі шығыс деректерімен 8 күндік газ балансының сандық мысалдары:

$$1) \quad Q_x(t) = \left(\sum Q_{i_{номп}}(t) + \sum Q_{i_k}(t) + Q_{z_1}(t) \right) - \left(\sum Q_{i_{номс}}(t) + Q_{z_2}(t) \right) = \\ = (22021,90 + 90,98 + 304,81) - (22926,13 + 0) = -508,44;$$

$$2) \quad Q_x(t) = \left(\sum Q_{i_{номп}}(t) + \sum Q_{i_k}(t) + Q_{z_1}(t) \right) - \left(\sum Q_{i_{номс}}(t) + Q_{z_2}(t) \right) = \\ = (21596,27 + 91 + 0) - (21943,15 + 145,34) = -401,22;$$

$$3) \quad Q_x(t) = \left(\sum Q_{i_{номп}}(t) + \sum Q_{i_k}(t) + Q_{z_1}(t) \right) - \left(\sum Q_{i_{номс}}(t) + Q_{z_2}(t) \right) = \\ = (21515,37 + 79,54 + 0) - (20427,79 + 1418,25) = -251,13;$$

$$4) \quad Q_x(t) = \left(\sum Q_{i_{номп}}(t) + \sum Q_{i_k}(t) + Q_{z_1}(t) \right) - \left(\sum Q_{i_{номс}}(t) + Q_{z_2}(t) \right) = \\ = (20953,62 + 74,18 + 0) - (20338,28 + 616,35) = 73,17;$$


$$5) \quad Q_x(t) = \left(\sum Q_{i_{номп}}(t) + \sum Q_{i_k}(t) + Q_{z_1}(t) \right) - \left(\sum Q_{i_{номс}}(t) + Q_{z_2}(t) \right) = \\ = (22339,02 + 60,66 + 0) - (20574,07 + 2183,21) = -357,6;$$

$$6) \quad Q_x(t) = \left(\sum Q_{i_{номп}}(t) + \sum Q_{i_k}(t) + Q_{z_1}(t) \right) - \left(\sum Q_{i_{номс}}(t) + Q_{z_2}(t) \right) = \\ = (20165,54 + 57,40 + 0) - (19765,23 + 665,69) = -207,98;$$

$$7) \quad Q_x(t) = \left(\sum Q_{i_{номп}}(t) + \sum Q_{i_k}(t) + Q_{z_1}(t) \right) - \left(\sum Q_{i_{номс}}(t) + Q_{z_2}(t) \right) = \\ = (18254,72 + 64,06 + 1108,08) - (19978,71 + 0) = -551,85;$$

$$8) \quad Q_x(t) = \left(\sum Q_{i_{номп}}(t) + \sum Q_{i_k}(t) + Q_{z_1}(t) \right) - \left(\sum Q_{i_{номс}}(t) + Q_{z_2}(t) \right) = \\ = (17762,39 + 70,67 + 1019,41) - (19116,61 + 0) = -264,14.$$

Жоғарыда келтірілген 1, 38 және 39 – модельдер бойынша газ балансының салыстырмалы диаграммасы 12-суретте көрсетілген.



Сурет 12 - Газ балансы модельдерінің салыстырмалы диаграммасы

Магистральдық газ құбырларындағы балансты дұрыс есептеу үшін құбырда қалған газ қорының және өзіндік қажеттіліктер мен технологиялық шығындарға кеткен газ шығындарының нақты есебін жүргізу керек.

Сонымен қатар магистральдық газ құбырының учаскесінің жұмысына әсер ететін технологиялық шығындар, газды рұқсатсыз қосу, төтенше жағдайлар, газ айдау режимдерінің өзгеруі сияқты кедергілерді де ескере отырып балансты шығару керек. Себебі олар газбен жабдықтау және тарату көрсеткіштерінің мәндерінің елеулі өзгеруіне әкеледі [54, 55].

3.2 МГҚ-дағы газ қорының моделі

Газды құбырлармен тасымалдауда құбырда қалған газдың қорын келесі (40) формула арқылы есептейміз [56]:

$$Q_{z_2} = \frac{\pi d^2}{4} * L P_{cp} * \frac{T_0}{T_{cp} Z * 1,033} \quad (40)$$

мұнда P_{cp} - учаскедегі газдың орташа қысымы;

T_{cp} - учаскедегі газдың орташа температурасы;

Z - сығылу коэффициенті;

T_0 - 293,15 К-ге тең стандартты жағдайдағы газ температурасы;

L – учаскенің ұзындығы;

d – құбырдың диаметрі.

МГҚ-дағы қордың көлемін баланс моделіне қойғанда, балансты есептеп отырған күндегі шыққан газ қорынан кешегі күнгі газ қорының айырмасын есептеп қояды.

3.3 Өзіндік қажеттіліктер мен технологиялық шығындардың моделі

Газ айдау агрегатының (ГАА) отыны ретінде тұтынылатын отын газы өнеркәсіптік аналогтармен (мысалы, дифманометрлермен-шығын өлшегіштермен) немесе отындық газ шығынын есептеудің өлшеу жүйесінің құралдар құрамына кіретін цифрлық шығын өлшегіштермен өлшенеді.

ГАА жұмысы үшін отын газының шығынының нормасын $Q_{тг.ГПА}$, м³/сағ (41) формуламен есептеледі [57]:

$$Q_{тг.ГПА} = K_{т.с.} * K_a * K_{нар} * K_{III} * K_y * H_{итг.ГПА} \quad (41)$$

мұнда $K_{т.с.}$ – отынның жану жылуының номиналды мәнінен ауытқуын ескеретін коэффициент;

K_a – атмосфералық ауаның параметрлерін (мұздануға қарсы жүйенің қосулы кездегі әсерін қосқанда) және ГАА дәрежесі ескеретін коэффициент;

$K_{нар}$ - ГАА пайдаланым коэффициенті;

K_{III} – тасымалданатын газдың үш сатылы сығылу коэффициенті, ол 1,05 тең;

K_y – пайдаланылған газдардың утилизаторларының әсер ету коэффициенті (42) формуламен анықталады:

$$K_y = 1 + K'_y * \frac{n_y}{n_{yГПА}} \quad (42)$$

мұнда K'_y – отын газының шығынына қазан-утилизаторының әсерін ескеретін 0,025;

n_y – пайдаланылатын қазан-утилизаторлардың саны, шт.;

$n_{yГПА}$ – жұмыс істейтін агрегаттардың саны, шт.;

$H_{итг.ГПА}$ – агрегаттың әрбір типінің паспорттық деректері бойынша анықталатын ГАА жұмысына газ шығынының нормасы (Қосымша Ә), м³/сағ;

$K_{т.с.}$, K_a , $K_{нар}$ - коэффициенттерінің мәндерін анықтамалық деректерден алу керек.

ГАА пен газмотокомпрессорлар үшін отындық газға қажеттілік, мың. м³, жоспарлау кезінде (43) формула бойынша анықталады [57, б. 11]:

$$B = H_{итг.} * A_{ГТУ} + B_i = (H_{итг.} * 0,2215 * Z_m * T_m * \lg(P_k / P_H) * Q) + B_i \quad (43)$$

мұнда $H_{итг.}$ – паспорттық деректер бойынша анықталатын ГАА немесе газмотокомпрессорлар үшін отындық газ шығынының жеке үлестік нормасы, кг у.т./кВт·ч (м³/кВт·сағ). $H_{итг.}$ паспорттық деректер бойынша анықталады;

$A_{ГТУ}$ – сығудың потенциалды жұмысы, кВт·сағ;

0,2215 – (43) формула параметрлеріне кіретін мөлшерлікті ескеретін коэффициент, кВтч/мың.м³ · град.К;

Z_m – газ ағынының сығылу коэффициентінің орташа мәні;

T_m – сығылу үрдісінің орташа абсолюттік температурасы, К;

P_H – бастапқы абсолюттік қысым, кгс/см²;
 P_K – соңғы абсолюттік қысым, кгс/см²;
 Q – 1,033 кгс/см² және 293,15 К температура кезіндегі айдалатын газдың көлемі. ($Q = Q_{\text{сут.}} \times r$, мұнда $Q_{\text{сут.}}$ – айдалатын газдың тәуліктік көлемі, млн. м³; r – жұмыстағы күн саны);

B_i – эксплуатациялық үстемесі, мың м³;

B_1 – ГАА жұмысына газ ағынының екі сығылу сатысы;

B_3 – қоршаған ортаның орташа айлық температурасы артқан кезде, мың м³;

B_5 – номиналдан шарттар ауытқығанда ($N_{\text{итг}}$ -ден 20% дейін), мың м³.

МГҚ өз қажеттіліктеріне электр станциялардың жұмысына отындық газ шығынының нормаларын есептеу

Өз қажеттіліктеріне электр станциялардың жұмысына (газотурбогенераторлардың) жұмсалатын отындық газ шығынының көлемі тікелей газ шығынын есептеу түйіндерінің аспаптарынан алынады. Газ шығынын есептеу түйіндері болмаған жағдайда, электр станцияларының жұмысына отындық газ шығыны (44) формула бойынша есептеледі [57, б. 12]:

$$Q_{\text{тг.ЭСН}} = N_{\text{итг.ЭСН}} * \tau \quad (44)$$

мұнда $N_{\text{итг.ЭСН}}$ – паспорттық деректер немес қосымша бойынша анықталатын электр станциялардың жұмысына жұмсалатын газ шығынының жеке нормасы, м³/сағ;

τ – газтурбогенератордың жұмыс уақыты, сағ.

Магистральдық газ құбырларындағы өз қажеттіліктеріне жылыту құрылғыларының жұмысына отындық газ шығынының нормаларын есептеу

МГҚ-ға қазандық қондырғыларының, жылыту, коммуналдық-тұрмыстық құрылғыларының жұмысына жұмсалатын (газ жылытқыштар, газ плиталары және т.б.) отындық газ-газ шығынын есептеу аспаптары-газ есептеуіштер бойынша анықталады [57, б. 12]. Автоматты есептеуіш, түзегіш болмаған жағдайда көрсеткіштер стандарттық шарттарға сәйкестендірілуі тиіс (45) формула:

$$V_{\text{ст.}} = \frac{T_0 * V_p * (P + P_p)}{P_0 * T_p} = \frac{293,15 * V_p * (P + P_0)}{1,033 * T_p}, \quad (45)$$

мұнда $V_{\text{ст}}$ - стандарттық шарттарға келтірілген газ көлемі, м³;

V_p – жұмыс жағдайындағы газ көлемі (есептеуіштің көрсеткіші бойынша), м³;

T_0 - 293,15 К тең стандарттық шарттар кезіндегі газ температурасы;

T_p – газ температурасының орташа арифметикалық жұмыс мәні, К;

P_0 - 1,033 кгс/см² тең стандарттық шарттар кезіндегі газ қысымы;

P_0 – ауаның барометрлік қысымы, кгс/см²;

P - газдың жұмыс қысымы, кгс/см².

Газ шығынын есептеу аспаптары болмаған кезде, МГҚ-да қазандық жұмысына газдың көлемдік шығыны (46) формуламен есептеледі:

$$Q = \sum V_i * \tau_i, \quad (46)$$

мұнда V_i - i -ші типті оттықтың атаулы сағаттық шығыны, м³/сағ;

τ_i - i -ші типті оттықтың жұмыс уақыты, сағ.

Компрессорлық цехтың технологиялық қажеттіліктері мен шығындарына арналған газ шығыны

ГАА-ты іске қосуға арналған газ нормаларын $Q_{п.а.}$, м³, іске қосуға арналған газдың, айдамалаушы контурын тазартуға арналған газдың және крандарды қайта орналастыру кезінде газды ауаға жіберуге арналған газдардың шығындарының жиынтығы ретінде анықтайды:

$$Q_{н.ГПА} = Q_{н.г.} + Q_{прод.к.н.} + Q_{стр.кр.} \quad (47)$$

мұнда $Q_{п.г.}$ – ГАА іске қосуға арналған газдың шығыны, м³. Бұл ГАА-тың паспорттық деректерінен алынады.

$Q_{прод.к.н.}$ – айдамалаушы контурын тазартуға арналған газ шығыны, м³. Барлық ГАА-да айдамалаушы контурды тазарту тек критикалық жағдайда ағу режимінде жүргізілетіндіктен, айдамалаушы контурын тазалауға арналған газ шығыны, (48) формуламен есептеледі, м³:

$$Q_{прод.к.н.} = 296 * S * P * t, \quad (48)$$

мұнда 296 – аударым коэффициент, см²/кгс·с;

S – тазарту жүргізілетін құбырдың қима алаңы, м²;

P - газ қысымы, кгс/см²;

t - тазарту уақыты, сек;

$Q_{стр.кр.}$ – крандарды қайта орналастыру кезіндегі газды ауаға жіберу шығыны. Мәндері ГАА-тың паспорттық деректерінен алынады.

ГАА-ты тоқтатуға арналған газ шығыны нормаларын крандарды қайта орналастыруға және айдамалаушы контурын тазартуға кететін газ шығындарының [57, б. 15] жиынтығы ретінде (49) формуламен анықтайды:

$$Q_{о.ГПА} = Q_{пер.кр.} + Q_{стр.к.н.}, \quad (49)$$

мұнда $Q_{пер.кр.}$ – ГАА тоқтатқан кездегі крандарды қайта орналастырудағы газ шығыны, м³;

$Q_{стр.к.н.}$ – ГАА тоқтатқан кездегі айдамалаушы контуриндағы газды ауаға жіберу шығыны, м³.

Бекіту арматурасын тексеру кезінде (50) формуланы пайдалану керек:

$$Q_{стр.} = 1,11 * V * P, \quad (50)$$

мұнда 1,11 – табиғи газдың орташа сығылу коэффициентін есептейтін коэффициент:

$$Z_{cp} : 1 / Z_{cp} = 1 / 0,9 = 1,11$$

мұнда V – ыдыстың көлемі (пневмоцилиндр), м³;

P – газ қысымы, кгс/см².

КЦ-дағы шығындарды келесі формула бойынша компрессорлық цехтың құбырларының свечаларының орташа статистикалық ағып кетуінің жиынтығы ретінде (51) формуламен анықтайды:

$$Q_{т.н.КЦ} = 1,25 * [(Q_5 + Q_{10}) * n_{ГПА} + Q_{17} + Q_{18} + Q_{20} + Q_{и.г.} + Q_{т.а.}] \quad (51)$$

мұнда 1,25 – КЦ-тағы басқа да шығындар коэффициенті;

Q₅, Q₁₀, Q₁₇, Q₁₈, Q₂₀, Q_{и.г.}, Q_{т.а.} – №5, 10, 17, 18, 20 свечалары, импульсті газ свечалары және технологиялық аппараттардың тазарту свечалары бойынша тиісінше орташа статистикалық шығындар;

n_{ГПА} – КЦ-та орнатылған агрегаттар саны.

Бір аппаратты тазарту үшін 1 секундта пайдаланылатын газ көлемі [57, 16 б], Q прод.ап., м³/с, (52) формула бойынша анықталады:

$$Q_{прод.ап.} = Q_{исх.прод.} * K_P * K_T * K_Z * K_d * K_{\Delta} \quad (52)$$

мұнда K_p, K_T, K_Δ, K_Z, K_d – бастапқы параметрлердің ауытқуын ескеретін түзету коэффициенттері: қысымның - K_p, температураның - K_T, газдың салыстырмалы тығыздығының - K_Δ, сығылу коэффициентінің - K_Z, нормативтерді есептеу кезінде қабылданған параметрлерден- Q исх.прод.

Q_{исх.прод.} - газдың атмосфераға критикалық төгілу жылдамдығымен v_{кр} және өзге де параметрлермен (53) формула бойынша анықталады.

$$Q_{исх.прод.} = v_{кр} * \frac{\pi * d^2}{4} * \frac{P * T_0}{P_0 * T * Z}, \quad (53)$$

мұнда π – Пи саны, мәні 3,14;

d – дренажды желінің бекіткіш темір арқауының өткінші қимасының диаметрі, м;

P – МГҚ-дағы абсолютті газ қысымы, кгс/см²;

T_0 и P_0 – стандартты шарттардағы газдың температурасы және қысымы ($T_0 = 293,15$ К, $P_0 = 1,033$ кгс/см²);

T – МГҚ-дағы газ температурасы, К;

Z – сығылу коэффициенті, МЕСТ 30319.2-96 бойынша анықталады;

$v_{кр}$ – газдың атмосфераға критикалық төгілу жылдамдығы, м/с, (54) формула бойынша анықталады:

$$v_{кр} = \sqrt{Z * R * T}, \quad (54)$$

мұнда R – газ тұрақтысы, Дж/кг·К, ол (55) формуламен есептеледі:

$$R = \frac{R_B}{\Delta_B}, \quad (55)$$

мұнда R_B – ауа үшін меншікті газ тұрақтысы, Дж/кг·К, 288,0 тең;

Δ_B - ауа бойынша салыстырмалы тығыздық, (56) формула бойынша анықталады

$$\Delta_B = \rho_H / \rho_B \quad (56)$$

мұнда ρ_H - стандартты шарттардағы газдың тығыздығы, кг/м³;

ρ_B – ауаның тығыздығы, кг/ м³.

(51) формуладағы түзету коэффициенттерінің [57, б. 17] мәндері (52)-(56) формулаларын ескере отырып, мына (57), (58), (59), (60), (61) формулалар бойынша анықталады:

$$K_p = \frac{P_q}{56} \quad (57)$$

$$K_T = \sqrt{\frac{293}{T_q}} \quad (58)$$

$$K_{\Delta} = \sqrt{\frac{0,58}{\Delta_q}} \quad (59)$$

$$K_Z = \sqrt{\frac{0,877}{Z_q}} \quad (60)$$

$$K_d = \frac{d_q^2}{0,0025} \quad (61)$$

мұнда $P_q, T_q, \Delta q, Z_q, d_q$ – қысымның нақты мәні, кгс/см², температуралары, газдың салыстырмалы тығыздығы, газ сығылуының коэффициенті, дренажды линияның ысырмасының диаметрі, м.

n – санында тәулігіне бір аппаратты (мысалы, конденсатұстағышты) тазарту кезінде газдың жалпы шығыны, $Q_{ку}^{сум}$ (62) формуламен анықталады:

$$Q_{ку}^{сум} = Q_{прод.ан.} * n * \tau, \text{ м}^3 \quad (62)$$

мұнда τ – бір тазартудың орташа уақыты, с;

n – тәулігіне бір аппараттың тазарту саны.

Бірнеше аппаратты тазарту үшін пайдаланылған газдың жалпы көлемі (мысалы, конденсатұстағышты), $Q_{\Sigma}, \text{ м}^3, t_i$ үшін (63) формула бойынша:

$$Q_{\Sigma} = \sum_{i=1}^k Q_{ку_i}^{сум} * t_i \quad (63)$$

мұнда t_i – есептік кезеңдегі тәулік саны (ай, тоқсан);

$i=1 \div k, k$ – есептік кезең уақыты ішіндегі тазаланатын конденсатұстағыштардың саны.

Конденсатты газсыздандыру кезіндегі газ көлемі (64) формуласы бойынша анықталады:

$$Q_{ДГ.} = K_{зф} * V_k \quad (64)$$

мұнда $K_{гф}$ – газ факторының коэффициенті ($T=293 \text{ К}$ кезінде), (65) формула бойынша анықталады:

$$K_{зф} = 0,864 * \frac{P}{Z * P_{атм}} \quad (65)$$

мұнда V_k – жойылған конденсаттың көлемі (су), м³;

0,864 – $P=1,0 \text{ кгс/см}^2$ кезінде м³ газдың және 1 м³ конденсаттың есептелу коэффициенті, $K_{гф}$;

P және $P_{атм.}$ – МГҚ-дағы нақты қысым және атмосфералық қысым, кгс/см².

Шаң ұстағыштарды тазалау және күрделі жөндеу кезіндегі газ шығынының нормасын (66) формуламен есептейді, мың. м³:

$$Q_{стр.} = 1,11 * P * V * 10^{-3}, \quad (66)$$

мұнда 1,11 – табиғи газ сығылуының орташа коэффициентін есептейтін коэффициент Z_{cp} : $1/Z_{cp}=1/0,9=1,11$;

P – шаңұстағыштағы қысым, кгс/см²;

V - крандар арасындағы шаңұстағыштар мен патрубклардың геометриялық көлемі, м³;

КЦ-ты жоспарлы тоқтатуды жүргізу кезіндегі газ шығынын [57, б. 20] есептеуді (коммуникациялардан ауаға жіберілетін газ), $Q_{пл}$, м³, (67) формуламен есептеледі:

$$Q_{пл.} = 283,8 * \frac{V_{кц}}{T_{cp}} * \left(\frac{P_{cp1}}{Z_1} - \frac{P_{cp2}}{Z_2} \right) \quad (67)$$

мұнда 283,8 – МЕМСТ 2939-63 сәйкес стандарттық шарттарға келтіру коэффициенті (68) формула бойынша анықталады:

$$Q = T_0 / P_0 \quad (68)$$

мұнда $T_0 = 273,15 \text{ K} + 20 \text{ °C} = 293,15 \text{ K}$;

$P_0 = 1,033 \text{ кгс/см}^2$;

$V_{кц}$ – КЦ технологиялық коммуникацияларының геометриялық көлемі, м³;

T_{cp} – МГҚ-дағы газ температурасының жұмыстық орташа мәні, К.

P_{cp1} – газ шығару басталғанға дейінгі МГҚ-дағы орташа газ қысымы, кгс/см²;

P_{cp2} – газ шығарылғаннан кейінгі МГҚ-дағы орташа газ қысымы, кгс/см²;

Z_1 – МГҚ-ынан газ шығаруға дейінгі газ сығылу коэффициенті;

Z_2 - МГҚ-ынан газ бөлігі шығарылғаннан кейінгі газ сығылу коэффициенті.

Атмосфералық қысымға жақын қысымға дейін қандай да болсын аппаратты МГҚ учаскесінен, коммуникациялар мен ыдыстардан толық босату кезіндегі газ шығыны (69) формуламен есептеледі:

$$Q_{пл} = 283,8 * \frac{V_{кц.}}{T_{cp.}} * \left(\frac{P_{cp}}{Z} - 1 \right) \quad (69)$$

МГҚ пайдалану кезіндегі технологиялық шығындар (болмай қоймайтын газ шығындары):

МГҚ-дағы газдың технологиялық шығын нормасы, м³, (70) формуламен есептеледі:

$$H_{II} = H_{н.исх.} * K_{y_i} * K_{p_i} * K_{T_i} * K_{\Delta}, \quad (70)$$

мұнда $H_{П.исх.}$ – төмендегі формула бойынша анықталатын газ шығынының деңгейіне МГҚ диаметрінің (МГҚ i -ші ЖӨБ(ЛПУ) бөлімнің газ құбыры жүйесінің орташа диаметрі) әсерін ескеретін МГҚ-ның желілік бөлігіне технологиялық шығынының жеке нормасы (71) формуламен [57, б. 30] есептеледі:

$$H_{П.исх.} = 1,825 \frac{d_0}{d_{срi}} \quad (71)$$

мұнда d_0 – 1,22 м-ге тең есептеулерде қолданылатын газ құбырының бастапқы диаметрі;

$d_{срi}$ – диаметр i -ші газ құбырының диаметрі (немесе МГҚ i -ші ЖӨБ бөлімнің газ құбыры жүйесінің орташа диаметрі), м;

K_{yi} – пайдалану мерзімінің, табиғи факторлардың, газ шығыны деңгейіне қысымды төмендету әсерін ескеретін i -ші МГҚ ЖӨБ пайдалану шарттарының коэффициенттері;

$K_э$ – МГҚ-дағы технологиялық шығынының жыл сайынғы төмендеуін ескеретін, (72) формула бойынша анықталатын коэффициент:

$$K_э = 1 - M * \delta \quad (72)$$

мұнда M – норма анықталған жылға $K_э=1,0$ болған жылдан бастап есептелген жылдар саны;

δ – өндірістік-техникалық іс-шараларды қысқарту нәтижесі бойынша МГҚ-дағы газдың технологиялық шығынының жыл сайынғы төмендеуінің көрсеткіші (орташа алғанда жылына бір пайызға немесе 0,01 тең қабылданады);

K_{pi} – i -ші газ құбырында (i -ші МГҚ ЖҚБ газ құбырлары жүйесіне) $P_{ср}$ газ қысымының әсерін және $Z_{ср}$ шығын деңгейіне сығылу коэффициентін ескеретін, (73) формула бойынша анықталатын коэффициент:

$$K_{pi} = \frac{250,9 * 10^{-6} * P_{ср}^2}{Z_{ср}^2} \quad (73)$$

мұнда K_{pi} – i -ші газ құбырында (i -ші МГҚ ЖҚБ газ құбырлары жүйесіне) $T_{ср}$ температурасының әсерін ескеретін коэффициент.

МГҚ ЖӨБ немесе МГҚБ газ құбырлары жүйесінің орташа диаметрі (74) формуламен [57, б. 33] анықталады:

$$d_{срi} = \frac{d_1 * l_1 + d_2 * l_2 + \dots + d_n * l_n}{l_1 + l_2 + \dots + l_n}, \quad (74)$$

мұнда l_1, l_2 – сәйкесінше $d_1, d_2 \dots$ ішкі диаметрлеріне газ құбырының (газ құбыры учаскелерінің) ұзындығы, м.

МГҚ ЖӨБ немесе МГҚБ газ құбырлары жүйесінің орташа қысымы (75) формула бойынша анықталады:

$$P_{cpi} = \frac{P_1 * l_1 + P_2 * l_2 + \dots + P_n * l_n}{l_1 + l_2 + \dots + l_n}, \quad (75)$$

мұнда P_1, P_2 – сәйкесінше $d_1, d_2 \dots$ ішкі диаметрлеріне және $l_1, l_2 \dots$ ұзындықтарына газ құбырларындағы газдың орташа қысымы, кгс/см².

МГҚ-дағы газдың технологиялық шығынының жылдық көлемі (лимиті), м³/жыл (76) формуламен есептеледі:

$$q_{nom.}^{MG} = H_n * V_{зан}^{MG} \quad (76)$$

мұнда H_n – МГҚ-дағы газдың технологиялық шығынының нормасы.

МГҚ-дағы құбырларындағы газ қоры, м³, (77) формуламен анықталады:

$$V_{зан}^{MG} = \frac{222,8 * d_{cp}^2 * L * P_{cp}}{T_{cp} * Z_{cp}} \quad (77)$$

мұнда d_{cp} – МГҚ құбырларының орташа ішкі диаметрі, м;

L – газ құбырының ұзындығы, м;

P_{cp} – газ құбырларындағы газдың орташа қысымы, кгс/см²;

T_{cp} – газ құбырларындағы газдың орташа температурасы, К.

МГҚ-дағы газдың ағып кетуінің ең жоғарғы мүмкін шекті көлемі, Q_{yt}^{max} , м³/жыл, (78) формула бойынша [57, б. 34] анықталады:

$$Q_{yt}^{max} \leq 17,64 * d_{cp} * L * P_{cp}^2 * K_{yi} * K_{\varepsilon} * \tau_{сут} * T_{cp}^{-1} * Z_{cp}^{-2} \quad (78)$$

мұнда d_{cp} – МГҚ құбырының орташа диаметрі, м;

L – газ құбырларының ұзындығы, км;

P_{cp}, T_{cp} – қысым, кгс/см² және газдың орташа температурасы, К;

Z_{cp} – газ сығылуының орташа коэффициенті;

$\tau_{сут}$ – газ құбырлары жұмысының ескерілетін кезеңі, тәуліктер;

K_{yi} – коэффициентінің жоғарғы мәні 1,2 дейін, қарастырылып отырған МГҚ-да жоғарғы мәні 1,328 болады.

Осылайша, газ құбырларын тығыздыққа сынаудың қолданылатын әдістемесіне сәйкес құбырлардан газдың ағып кетуі газ қысымына, газ құбырларының беттеріне және олардың пайдалану уақытына тура барабар.

МГҚ-ның свищтер, микрожарықтар және тығыз еместіктен болатын газ шығыны көлемін есептеу

Критикалық жағдайларда ағу режимі үшін свищтер мен микрожарықтар арқылы газ шығыны [57, б. 36] көлемін (79) формуламен есептеуге болады:

$$G_{кр.} = \mu_2 * \lambda_{кр.} * F_2 * p_2 * \sqrt{\frac{2}{Z_2 * R_{Г} * T_2}} \quad (79)$$

мұнда μ_2 – свищтер, микрожарықтар және тығыз еместіктің эквивалентті қимасы шығынының коэффициенті 0,62-ден 0,68-ге дейін өзгереді;

$\lambda_{кр.}$ – газдың критикалық режимде ағу шығынының сипаттамасы қосымша немесе (80) формуламен есептеледі:

$$\lambda_{кр.} = \frac{\beta}{2} * \sqrt{k * (k - 1)} \quad (80)$$

мұнда β' – газдың критикалық режимде ағу кезінде қысымның салыстырмалы шамасы қосымша немесе (81) формуламен есептеледі:

$$\beta' = \left(\frac{p_2}{p_1} \right)_{кр.} = \left(\frac{2}{k + 1} \right)^{\frac{k}{k-1}} \quad (81)$$

мұнда p_1, p_2 – сәйкесінше газ құбырына шектес және зерттелетін учаскелеріндегі газ қысымы, кгс/см²;

k – қосымшада анықталатын ішкі адиабаттық газ ағу үрдісін болжамды ескерумен адиабат көрсеткіші;

F_2 – зерттелетін газ құбыры учаскесінде – свищтер, микрожарықтар және тығыз еместіктің эквивалентті қимасы, см², (82) формуламен есептеледі:

$$F_2 = \frac{\mu_1 * \lambda_1}{\mu_2 * \lambda_2} * F_1 * \frac{p_1}{p_2} * \sqrt{\frac{T_2}{T_1}} \quad (82)$$

мұнда μ_1 – газ құбырының айналма желісіндегі желілік кран шығынының коэффициенті. Бұл коэффициент 0,8-0,95 шектерінде болады;

λ_1 – төмендегі формуламен анықталатын газ құбыры айналмалы учаскесінен кран арқылы газ ағуының критикалық режиміне дейінгі шығын сипаттамасы (83) формула бойынша анықталады:

$$\lambda_1 = \sigma_{p1} * \sqrt{\frac{k}{k-1} \left[1 - \left(\frac{p_2}{p_1} \right)^{\frac{e-1}{e}} \right]} * \left(\frac{p_2}{p_1} \right)^{\frac{2}{e}} \quad (83)$$

мұнда σ_{p1} – шамамен 1 тең шығын жылдамдығының сипаттамасы;

k – политроптық үрдістің көрсеткіші;

λ_2 – қосымша немесе келесі формуламен анықталатын, зерттелетін газ құбыры учаскесіндегі төмен қысым жағдайында газ ағуының критикалық режиміне дейінгі шығын сипаттамасы келесі (84) формуламен есептеледі:

$$\lambda_2 = \sigma_{p2} * \sqrt{\frac{k}{k-1} \left[1 - \left(\frac{p_{нар}}{p_2} \right)^{\frac{k-1}{k}} \right] * \left(\frac{p_{нар}}{p_2} \right)^{\frac{2}{k}}} \quad (84)$$

мұнда $p_{нар}$ – сыртқы ауа қысымы, кгс/см²;

F_1 – айналма желідегі желілік кран алаңы, см². Кранды толық ашу сәтінен оны жабуға дейінгі F_1 мәні α бұру бұрышына байланысты. $\alpha = 0-90^\circ$ кезінде тәуелділік желілік емес сипатқа ие болады және гиперболалық типтің деңгейімен сипатталады. α -дан орташаландырылған F_1 тәуелділік деректері:

$\alpha = 0^\circ$ - $F_1 \times 0,00$ болғанда;

$\alpha = 15^\circ$ - $F_1 \times 0,09$ болғанда;

$\alpha = 30^\circ$ - $F_1 \times 0,22$ болғанда;

$\alpha = 45^\circ$ - $F_1 \times 0,50$ болғанда;

$\alpha = 60^\circ$ - $F_1 \times 0,78$ болғанда;

$\alpha = 75^\circ$ - $F_1 \times 0,92$ болғанда;

$\alpha = 90^\circ$ - F_1 болғанда.

Есептеу нүктесі $\alpha=0^\circ$ болғанда кранның толық жабылған күйі болып табылады.

T_1, T_2 – сәйкесінше айналма және зерттелетін газ құбыры учаскесіндегі аюсолюттік температура, К;

Z_2 – МГҚ-ның зерттелетін учаскесіндегі газ сығылуының коэффициенті;

R_u – тасымалданатын газдың газ тұрақтылығы, Дж/кг·К.

Айдамалаушының айналдыру роторын нығыздау үшін айдамалау цехына газдың ағып кетуін болдырмайтын жоғары қысыммен бұрандалық сорғы көмегімен тығыздау жүйесіне беретін майды қолданады. Тығыздау жүйесінде майдың жоғары қысымды газбен түйісуі кезінде оны газдандыру және ГАА-тың май бөлгіштері мен май бактарына шығару жүргізіледі. Май бөлгіштері мен май бактарында май газсыздандырылады, газ атмосфераға тасталады, ал май бұрандалық сорғы кіретін жерге түседі [57, б. 38]. Майда еріген, май бөлгішке түсетін және атмосфераға тасталатын газ мөлшерін (85) формула бойынша анықтауға болады:

$$Q_M = K * G_M \quad (85)$$

мұнда K – газдың майда еру коэффициенті;

G_M – жүйе арқылы өтетін майдың мөлшері м³/с.

Газдың майда еру коэффициенті қысымға, қоспаның температурасына және майдың химиялық құрамына байланысты болады. КС-да ГАА-қа май-газ айдаушыларының тығыздау жүйесінің жұмыс шарттарына қолданылатын есептердегі еру коэффициенті $K \cong 0,014$.

Тығыздау жүйесі арқылы өтетін май мөлшерін (86) формуламен есептейді:

$$G_M = G_{MH} * \tau_a \quad (86)$$

мұнда G_{MH} – бұрандалық сорғы өнімділігі, $m^3/сағ$;

τ_a – агергаттың (сорғы) жұмыс уақыты, сағ.

Газ қорына әсер ететін газдың технологиялық параметрлерін баланс мәнімен салыстырамыз, баланс мәні оң және теріс болғанда ол құбырдағы есептелінген газ қорының көлемінен, өлшенген технологиялық параметрлерінің қателігінен немесе құбырға кірген және шыққан газ шығынын есептейтін өлшеу құрылғыларының қателігінен көріну керек. Осы мәндерді тексеру арқылы және уақытында түзету жұмыстарын жүргізу арқылы дисбаланс мәнін жоямыз немесе азайтамыз.

Ықтимал газ дисбалансының себептерін жедел анықтау мен жоюдың теориялық шешімі мен практикалық жүзеге асырылуы газ тасымалдау жүйесін басқарудың сапалы жаңа деңгейін қамтамасыз етеді [58].

Магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалданатын газдың балансының математикалық моделі MES технология есептеріне жатады және осы есептер арқылы МЕМСТ Р МЭК 62264-3-2012 [59] стандартындағы өндірістік операцияларды басқаруға кіретін әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

3.4 Дисбалансты анықтауға арналған әдістеме мен оның алгоритмі

Қазақстандағы қолданыстағы ГТЖ басқару жүйесі, оның ішінде газды ел ішінде тасымалдау мен тарату процестері негізінен ескірген. Атап айтқанда, 1960 жылдары салынған Қазақстандағы магистральды газ құбырларының көпшілігін жобалау кезінде басқару орталықтары үшін өлшенген мәліметтерді жинауды автоматтандыратын жүйелер болған жоқ. Мәліметтерді жинау мен басқарудың жаңа автоматтандырылған жүйелерін (SCADA) енгізу біртіндеп жүргізілуде және қазіргі уақытта қазақстандық ГТЖ барлық объектілерін қамтымайды.

Қазақстандағы ГТЖ басқару жүйесінің ескіруінің салдарының бірі және оны жаңғыртудың төмен қарқыны – газдың дисбалансының болуы. Дисбаланс жеткізілетін және тұтынылатын газ көлемінің теңсіздігі деп түсініледі [60, 61]. Бұл теңсіздіктің себептері өлшеу қателіктері (кездейсоқ және кездейсоқ емес), технологиялық шығындар, газды рұқсатсыз алу, төтенше жағдайлар, газ айдау режимінің өзгеруі, соңғы тұтынушыда газды есептеу, есептегіштер мен түзеткіштерді алып тастау кезінде көлемдерді жабу (жөндеу, тексеру), тарату желілер арасында газдың есепсіз өтуінен туындайтын қиындықтар [62, 63].

ГТЖ-дегі дисбаланс негізсіз жоғары техникалық -экономикалық шығындарға, тұтынушылар мен газ жеткізушілер арасындағы келіспеушіліктер мен дауларға әкеледі. Сондықтан дисбаланстың болуын анықтау және оның себептерін анықтау үшін зерттеу жүргізу теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды [64].

Газдың дисбалансын анықтау және оның пайда болу себептерін анықтау әдісін әзірлеу кезінде біз келесі болжамдардан шығамыз:

а) ГТЖ-нің магистральдық газ құбырының кез-келген учаскесін екі жүйенің тіркесімі ретінде сипаттауға болады: газбен жабдықтау жүйесі және газды тұтыну жүйесі;

б) осы жүйелердің әрқайсысы дербес жұмыс істейді, ал осы жүйелердің өлшеу жабдықтарының қателіктері бір-біріне тәуелді емес.

Магистральдық газ құбыры учаскелерінің мұндай көрінісі газбен жабдықтау жүйесінің және газ тұтыну жүйесінің жұмыс режимдерін үйлестіру ретінде учаскеде газ тасымалдауды басқару мақсатын тұжырымдауға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда газ дисбалансының дәрежесі нөлге тең болуы керек, ал газбен жабдықтау және аудан бойынша таралудың үлгі дисперсияларының мәндері бір-біріне тең болуы керек. Мақсатты осындай түрде ұсыну объектіде бақылау-өлшеу аспаптарын түзету мен реттеудің бірыңғай схемасын қолданған жағдайда мүмкін болады. Бұл ауытқулары бірдей бір типтегі бақылау-өлшеу аспаптардың жұмысын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, магистральдық газ құбырының учаскесінің жұмысына кез-келген кедергі (технологиялық шығындар, газды рұқсатсыз қосу, төтенше жағдайлар, газ айдау режимдерінің өзгеруі және т.б.) учаскедегі газбен жабдықтау және тарату көрсеткіштерінің мәндерінің елеулі өзгеруіне әкелетінін ескеру қажет. Осындай өзгерістің нәтижесінде осы мәндер үлгілерінің дисперсиясының мәндері сөзсіз өзгереді. Демек, магистральдық газ құбыры учаскесіндегі газбен жабдықтау жүйесі мен газды тұтыну жүйесінің жұмысын сипаттайтын үлгі мәндерінің дисперсиясының мәндерін салыстыру нәтижесін учаскедегі газ дисбалансының жалпы көрсеткіші деп санауға болады [65].

Мәндердің екі үлгісінің дисперсияларының теңдігі туралы гипотезаны тексеру үшін екі жақты F-тестін (Фишер критерий) қолдану ұсынылады [66-70].

Қалыпты заңға сәйкес таралған үлгі мәндері үшін F-тестінің нөлдік гипотезасы H_0 (87) формуламен келесідей өрнектеледі:

$$H_0: \sigma_1^2 = \sigma_2^2 \quad (87)$$

мұнда σ_1^2 - мәндердің бірінші үлгісінің $H_0: \sigma_1^2 = \sigma_2^2$ дисперсиясының шамасы (біздің жағдайда, газбен жабдықтау жүйесінің жұмысын сипаттайтын мәндердің үлгілері);

σ_2^2 - мәндердің екінші үлгісінің дисперсиясының шамасы (біздің жағдайда, газды тұтыну жүйесінің жұмысын сипаттайтын мәндердің үлгілері).

Қалыпты заңға сәйкес таралған мәндердің үлгілері үшін F-тестінің альтернативті гипотезасы H_1 (88) формула:

$$H_1: \sigma_1^2 < \sigma_2^2 \quad (88)$$

s_1^2 және s_2^2 үлгі дисперсияларының мәндері σ_1^2 және σ_2^2 таратылулардың дисперсияларының нүктелік бағалары болуы мүмкін. Демек, H_0 гипотезасы, егер үлгінің жеткілікті үлкен мөлшеріне арналған статистиканың таралуы еркіндік дәрежесі $(n_1 - 1, n_2 - 1)$ болатын ықтималдықтың

$F = \frac{s_1^2}{s_2^2} \square F(n_1 - 1, n_2 - 1)$ - таралуына ұмтылса (89) формуладай қабылданады:

$$F = \frac{s_1^2}{s_2^2} \square F(n_1 - 1, n_2 - 1) \quad (89)$$

s_1^2 және s_2^2 үлгі дисперсияларының мәндері (90) формула бойынша есептеледі:

$$s^2 = \frac{\sum_{i=1}^n (X_i - \bar{X})^2}{n-1} \quad (90)$$

мұнда \bar{X} - үлгінің орташа мәні.

H_0 гипотезасы қабылданбайды, егер: а) еркіндік дәрежесі $(n_1 - 1, n_2 - 1)$ болатын ықтималдықтың F -таралуының жоғарғы $\alpha/2$ квантилінен статистиканың үлгі таралуы үлкен болса; б) еркіндік дәрежесі $(n_1 - 1, n_2 - 1)$ болатын ықтималдықтың F -таралуының төменгі $\alpha/2$ квантилінен статистиканың үлгі таралуы кіші болса.

F критерийін қолдану, басқалармен қатар, магистральдық газ құбыры учаскесіндегі газ дисбалансының өзгеруінің маңыздылығын бағалауға мүмкіндік береді. Егер дисбаланс болмаса, онда (89) өрнектің мәні 1-ге тең болады. Демек, газбен жабдықтау жүйесінің және газды тұтыну жүйесінің жұмысын сипаттайтын мәндердің үлгілері үшін (89) өрнектің мәндері 1-ге жақындаған сайын, осы облыста байқалатын газ дисбалансы аз болады және дисбаланс себептері онша маңызды емес. Керісінше де дұрыс: газбен жабдықтау жүйесі мен газды тұтыну жүйесінің жұмысын сипаттайтын мәндердің үлгілері үшін есептелген (89) өрнек мәндері 1-ден алыстаған сайын бұл учаскеде газдың дисбалансы соншалықты көп болады және бұл дисбаланс себептері неғұрлым маңызды. F-критерийін қолдану газ дисбалансын анықтау және оның пайда болу себептерін анықтау әдістемесін жасауға мүмкіндік берді, оны деректерді жинау, газды есепке алу және дисбалансты анықтаудың автоматтандырылған жүйесінің «Газ балансы және газды есепке алу» функциясын жақсарту үшін қолдануға болады.

Бұл әдіс келесі қадамдардан тұрады:

Қадам 1. Бақыланатын аумақ үшін газбен жабдықтау жүйесі мен газды тұтыну жүйесінің жұмысын сипаттайтын бастапқы үлгі мәндерін қалыптастыру.

Қадам 1.1. Ағымдағы күнтізбелік айдың ағымдағы нөмірін n орнату.

Қадам 1.2. «Ағымдағы айдағы дисбалансты анықтау» режимі таңдалған жағдайда, басталу күнін bd ағымдағы күнтізбелік айдың бірінші күні етіп белгілеңіз. «Өткен айдың деректерін ескере отырып дисбалансты анықтау» режимін таңдаған жағдайда, bd басталу күнін алдыңғы күнтізбелік айдың n саны ретінде белгілеңіз.

Қадам 1.3. Газбен жабдықтау жүйесінің жұмысын m_supply және газды тұтыну жүйесінің жұмысын m_cons сипаттайтын үлгі мәндерінің массивтерін қалыптастыру қажет. Осылайша, bd күніндегі бастапқы деректер кестесінің «I Барлық газ ресурстары» бағанынан m_supply массивінің бастапқы мәнін таңдаңыз. Бастапқы деректердің кестесіндегі n күнге «I Барлық газ ресурстары» бағанынан m_supply массивінің соңғы мәнін таңдаңыз. Бастапқы деректердің кестесіндегі bd күнге «III Газ тарату» бағанынан m_cons массивінің бастапқы мәнін таңдаңыз. Бастапқы деректердің кестесіндегі n күнге «III Газ тарату» бағанынан m_cons массивінің соңғы мәнін таңдаңыз.

Қадам 2. Газбен жабдықтау жүйесі мен газды тұтыну жүйесінің жұмысын сипаттайтын үлгі мәндерінің дисперсияларының теңдігі туралы нөлдік гипотезаны тексеру.

Қадам 2.1. m_supply және m_cons массивтері үшін (90) формула бойынша s_1^2 және s_2^2 үлгі дисперсияларының мәндерін есептеу.

Қадам 2.2. s_1^2 және s_2^2 үлгі дисперсияларының мәндері үшін F-критерий мәндерін (89) формула бойынша есептеу.

Қадам 2.3. Еркіндік дәрежесі $(n_1 - 1, n_2 - 1)$ болатын ықтималдылықтың F-таралуының жоғарғы және төменгі $\alpha/2$ квантильдерінің мәндерін анықтау.

Қадам 2.4. Мәндерді есептеу:

$$q_{up} = \frac{(\alpha/2)_{up} - 1}{4}; \quad q_{bottom} = \frac{1 - (\alpha/2)_{bottom}}{4}, \quad (91)$$

мұнда $(\alpha/2)_{up}$ - еркіндік дәрежесі $(n_1 - 1, n_2 - 1)$ болатын ықтималдылықтың F-таралуының $\alpha/2$ жоғарғы квантильінің мәні;

$(\alpha/2)_{bottom}$ - еркіндік дәрежесі $(n_1 - 1, n_2 - 1)$ болатын ықтималдылықтың F-таралуының $\alpha/2$ төменгі квантильінің мәні.

Қадам 2.5. Келесі шешімдердің бірін қабылдау:

- егер $F \in [1; (1 - q_{bottom})]$ шарты немесе $F \in [1; (1 + q_{up})]$ шарты орындалса, онда "Газ дисбалансы өзгеріссіз" деген шешім қабылдаңыз»;

- егер $F \in \left[\left(1 - q_{bottom}\right); \left(1 - 2 \times q_{bottom}\right) \right]$ шарты немесе $F \in \left[\left(1 + q_{up}\right); \left(1 + 2 \times q_{up}\right) \right]$ орындалса, онда "Газ дисбалансы маңызды" деген шешім қабылдаңыз;

- егер $F \in \left[\left(1 - 2 \times q_{bottom}\right); \left(1 - 3 \times q_{bottom}\right) \right]$ шарты немесе $F \in \left[\left(1 + 2 \times q_{up}\right); \left(1 + 3 \times q_{up}\right) \right]$ орындалса, онда "Газ дисбалансы жоғары" деген шешім қабылдаңыз;

- егер $F \in \left[\left(1 - 3 \times q_{bottom}\right); \left(1 - 4 \times q_{bottom}\right) \right]$ шарты немесе $F \in \left[\left(1 + 3 \times q_{up}\right); \left(1 + 4 \times q_{up}\right) \right]$ орындалса, онда "Газ дисбалансы өте жоғары" деген шешім қабылдаңыз;

- басқаша жағдайда «Газдың дисбалансы орынсыз» деген шешім қабылдап және газбен жабдықтау жүйесі мен газды тұтыну жүйесінің жұмысын сипаттайтын үлгі мәндерінің дисперсиясы туралы теңдік гипотезасы қабылданбайды.

Қадам 3. Газбен жабдықтау жүйесінің және газ тұтыну жүйесінің жекелеген элементтерінің жұмысын сипаттайтын үлгі мәндерінің дисперсияларының теңдігі туралы нөлдік гипотезаны тексеру.

Қадам 3.1. Ағымдағы деректермен салыстыру үшін өткен күнтізбелік айдың деректерін таңдау.

Қадам 3.2. Салыстыру жүргізілетін газбен жабдықтау жүйесінің барлық элементтерін сәйкестендіру. Егер жеке элемент үшін үлгі мәндері нөлге тең болса, онда бұл элемент әрі қарай қарастырудан алынып тасталады.

Қадам 3.3. Салыстыру жүргізілетін газды тұтыну жүйесінің барлық элементтерін анықтау. Егер жеке элемент үшін үлгі мәндері нөлге тең болса, онда бұл элемент әрі қарай қарастырудан шығарылады.

Қадам 3.4. Сәйкесінше алдыңғы күнтізбелік ай және ағымдағы күнтізбелік ай үшін элементтер мәндерін таңдау үшін, 3.2-қадам және 3.3-қадам кезінде таңдалған элементтердің әрқайсысы үшін s_1^2 және s_2^2 үлгі мәндерінің ауытқуларын (90) формула бойынша есептейді.

Қадам 3.5. 3.2-қадам және 3.3-қадам кезінде таңдалған элементтердің әрқайсысы үшін s_1^2 және s_2^2 үлгі дисперсияларының мәндері үшін F-критерий мәні (89) формуланың көмегімен есептеледі.

Қадам 3.6. $(n_1 - 1, n_2 - 1)$ еркіндік дәрежесімен F-ықтималдық таралуының жоғарғы және төменгі $\alpha / 2$ квантильдерінің мәндерін анықтау, мұндағы $(n_1 - 1)$ - ағымдағы күнтізбелік айдағы күндер саны және $(n_2 - 1)$ - алдыңғы күнтізбелік айдағы күндер саны.

Қадам 3.7. (91) формула бойынша q_{up} және q_{bottom} мәндерін есептеу.

Қадам 3.8. 3.2 және 3.3-қадамдерде таңдалған әрбір пункттер үшін келесі шешімдердің бірін қабылдаңыз:

- егер $F \in [1; (1 - q_{bottom})]$ шарты немесе $F \in [1; (1 + q_{up})]$ орындалса, онда «Элементтің жұмыс режимі өзгерген жоқ» деген шешім қабылдаңыз;

- егер $F \in [(1 - q_{bottom}); (1 - 2 \times q_{bottom})]$ шарты немесе $F \in [(1 + q_{up}); (1 + 2 \times q_{up})]$ шарты орындалса, онда «Элементтің жұмыс режимі өзгерді» деген шешім қабылдаңыз;

- егер $F \in [(1 - 2 \times q_{bottom}); (1 - 3 \times q_{bottom})]$ шарты немесе $F \in [(1 + 2 \times q_{up}); (1 + 3 \times q_{up})]$ шарты орындалса, онда «Элементтің жұмыс режимі айтарлықтай өзгерді» деген шешім қабылдаңыз;

- егер $F \in [(1 - 3 \times q_{bottom}); (1 - 4 \times q_{bottom})]$ шарты немесе $F \in [(1 + 3 \times q_{up}); (1 + 4 \times q_{up})]$ шарты орындалса, онда «Элементтің жұмыс режимі күрт өзгерді» деген шешім қабылдаңыз;

- басқаша жағдайда «Элементтің жұмыс режимінің өзгеруі егжей-тегжейлі талдауды қажет етеді» шешімін қабылдаңыз және өткен және ағымдағы күнтізбелік айлар үшін элементтің жұмысын сипаттайтын үлгі мәндерінің дисперсияларының теңдігі туралы гипотеза қабылданбайды.

Қадам 4. Газдың дисбалансының мүмкін болатын себебін анықтау.

Қадам 4.1. Егер 3.2-қадамында және 3-қадамында таңдалған элементтердің көпшілігі үшін 3.8-қадамында «Элементтің жұмыс режимі қатты өзгерген жоқ», ал 2.5-қадамында «Газдың дисбалансы елеусіз» деген шешім қабылданса, онда «Газдың дисбалансының айқын себебі жоқ» шешімін қабылдаңыз.

Қадам 4.2. Егер 3.2-қадамда және 3.3-қадамында таңдалған элементтердің көпшілігі үшін 3.8-қадамында «Элементтің жұмыс режимі қатты өзгерген жоқ» болса, ал 2.5-қадамында келесі «Газдың дисбалансы маңызды», «Газдың дисбалансы жоғары» немесе «Газдың дисбалансы өте жоғары» шешімдерінің бірі қабылданса, онда «Газ дисбалансының себебі болып өлшем қателіктері табылады» деген шешім қабылдаңыз.

Қадам 4.3. Егер 3.2-қадамында және 3.3-қадамда таңдалған элементтердің көпшілігі үшін 3.8-қадамда қабылданған шешім келесі элементтердің бірі болса - «Элементтің жұмыс режимі өзгерді», «Элементтің жұмыс режимі айтарлықтай өзгерді» немесе «Элементтің жұмыс режимі күрт өзгерді» және 2.5-қадамдағы шешім «Газдың дисбалансы өзгеріссіз» болса, онда «Газдың дисбалансының себебі - элементтің жұмыс режимінің өзгеруі» шешімін қабылдаңыз.

Қадам 4.4. Егер 3.2-қадамда және 3.3-қадамда таңдалған элементтердің көпшілігі үшін 3.8-қадамда қабылданған шешім келесі элементтердің бірі болса - «Элементтің жұмыс режимі өзгерді», «Элементтің жұмыс режимі айтарлықтай өзгерді» немесе «Элементтің жұмыс режимі күрт өзгерді» және 2.5-қадамда шешім келесі шарттардың бірі болса - «Газдың дисбалансы маңызды», «Газдың

дисбалансы жоғары» немесе «Газдың дисбалансы өте жоғары», онда «Газдың дисбалансының бірнеше себебі бар» шешімін қабылдаңыз.

Қадам 4.5. Егер 2.5-қадамда үлгі дисперсиялардың теңдігі туралы гипотезадан бас тарту туралы шешім қабылданса, онда «Учаскеде дисбаланс бар. Қосымша талдау қажет» шешімін қабылдаңыз.

Қадам 4.6. Егер 3.2-қадамда және 3.3-қадамда таңдалған элементтердің көпшілігі үшін 3.8-қадамда «Элементтің жұмыс режимінің өзгеруі егжей-тегжейлі талдауды қажет етеді» шешімі қабылданған болса, онда «Элементтің жұмыс режимінде дисбаланс бар. Қосымша талдау қажет» деген шешім қабылдаңыз.

Қадам 4.7. Егер 2.5-қадамдағы бақыланатын учаске үшін «Газдың дисбалансы өзгеріссіз» деген шешім қабылданса, ал 3.8-қадамда сол бөлімнің барлық элементтері үшін «Элементтің жұмыс режимі іс-жүзінде өзгерген жоқ» деген шешім қабылданған болса, онда «Газдың дисбалансының маңызды себептері жоқ» деген шешім қабылдаңыз.

Қадам 4.8. Егер 2.5-қадамда бақыланатын учаске үшін «Газдың дисбалансы маңызды», «Газдың дисбалансы жоғары» немесе «Газдың дисбалансы тым жоғары» шешімдердің бірі қабылданған болса, ал 3.8-қадамда сол аймақтағы барлық элементтер үшін «Элементтің жұмыс режимі өзгерген жоқ» шешім болса, онда «Учаскеде үлкен өлшеу қателіктері бар» деген шешім қабылданады.


Қадам 4.9. Егер 2.5-қадамда бақыланатын учаске үшін «Газдың дисбалансы елеусіз» деген шешім қабылданса, ал 3.8-қадамда сол учаскенің барлық элементтері үшін келесі шешімдердің бірі қабылданды - «Элементтің жұмыс режимі өзгерді», «Элементтің жұмыс режимі айтарлықтай өзгерді» немесе «Элементтің жұмыс режимі күрт өзгерді», онда «Учаскенің жұмыс режимі өзгерді» шешімін қабылдайды.


Қадам 4.10. Егер 2.5-қадамда бақыланатын учаске үшін «Газдың дисбалансы маңызды», «Газдың дисбалансы жоғары» немесе «Газдың дисбалансы тым жоғары» шешімдердің бірі қабылданған болса және 3.8-қадамда сол учаскенің барлық элементтері үшін шешім келесілердің бірі болса «Элементтің жұмыс режимі өзгерді», «Элементтің жұмыс режимі айтарлықтай өзгерді» немесе «Элементтің жұмыс режимі күрт өзгерді», онда «Газдың дисбалансының бірнеше себебі бар» шешімін қабылдаңыз.

Қадам 5. Газдың дисбалансын анықтау және оның пайда болу себептерін жалпы учаске үшін және 3.2-қадам мен 3.3-қадам кезінде таңдалған әрбір элемент үшін нәтижелерді көрсету. Әдісті қолдануды аяқтау.

Өзірленген әдісті қолдану ГТЖ-нің магистральдық газ құбырының бақыланатын учаскесі үшін газ дисбалансының сандық және сапалық сипаттамаларын анықтауға ғана емес, сонымен қатар осы дисбаланстың екі ең көп тараған себептерінің бірін көрсетуге мүмкіндік береді.


Дисбалансты анықтау алгоритмінің блок-сұлбасы 13 – суретте келтірілген.





Сурет 13 – Дисбалансты анықтау алгоритмінің блок-сұлбасы.

Дисбалансты анықтау үшін Пирсон әдісін де қолданып көрдік, бірақ бұл әдістің тиімділігі тәжірибе жүзінде F- тестке қарағанда төмендеу болды. Әдістерді салыстыру диаграммасы 14- суретте көрсетілген.



Сурет 14 - Дисбалансты анықтау әдістерінің салыстырмалы диаграммасы

3-бөлім бойынша қорытындылар

Үшінші бөлімде газдың балансын есептеудің 2 математикалық моделін қарастырылып және жаңа газ балансының моделі ұсынылды. Осы модельдің құрамдас бөліктері, яғни МГҚ-дағы газ қорының көлемі мен өзіндік қажеттіліктер мен технологиялық шығындардың модельдері де келтірілген.

МГҚ-дағы газ балансын жүргізудің мақсаты газ жеткізуші мен газ тұтынушы тараптардың арасындағы есеп айырысудағы газ көлемінің тең болуын қамтамасыз ету. Ұсынылып отырған газ балансының математикалық моделі газды есепке алуды жақсартып және баланстың теңдігінде дисбалансты уақытында анықтап, түзетуші әрекеттер жасау арқылы жетуге мүмкіндік береді.


Сонымен қатар бұл бөлімде, екі жақты F-тесті (Фишер критерий) қолданып, дисбалансты анықтауға арналған әдістеме мен оның алгоритмі келтірілген.

Бұл модельдің және дисбалансты анықтау әдістемесінің адекваттылығы ҚазТрансГаз компаниясында тәжірибе жүзінде дәлелденді (Қосымша С).

4 ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУҒА, ГАЗДЫ ЕСЕПКЕ АЛУҒА ЖӘНЕ ДИСБАЛАНСТЫ АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕНІ ЖАСАҚТАУ

4.1 Деректерді жинауға, газды есепке алуға және дисбалансты анықтауға арналған автоматтандырылған жүйенің сипаттамасы

Деректерді жинау, газды есепке алу және дисбалансты анықтау жүйесі - бұл Қазақстандағы ГТЖ-нің басқару жүйесін біртіндеп модернизациялау нәтижелерінің бірі. ДЖГЕАЖ кезек-кезек жобаланып, іске қосылуда. Бұл ДЖГЕАЖ-де әрбір келесі тапсырма кезегін құру кезінде алдыңғы кезектердің тапсырмаларын орындау және орындау нәтижелерін ескеруге мүмкіндік береді. ДЖГЕАЖ клиенттік-серверлік архитектурасы бар жүйе ретінде жете зерттеп жасалған және енгізілген. ДЖГЕАЖ-нің клиенттік жағын құру үшін Angular веб-платформасы [71], JavaScript бағдарламалау тілі [72], Angular 2 қосымшаларын әзірлеу платформасы [73, 74] және Bootstrap 4 кітапханасы [75] пайдаланылды. ДЖГЕАЖ-нің серверлік бөлігі МББЖ PhpMyAdmin құру үшін PHP бағдарламалау тілі [76], MySQL мәліметтер базасы және веб-әкімшілік интерфейсі қолданылды [77, 78]. Қазіргі уақытта ДЖГЕАЖ пайдаланушыларға келесі функционалды міндеттер мен функцияларды автоматты түрде орындау мүмкіндігін ұсынады 15-суретте.



Сурет 15 – Автоматтандырылған жүйенің құрылымы

«Мәліметтерді енгізу» бөлімі нақты өндіріс орны үшін тікелей жауап беретін қызметкерлерге арналған. Бұл бөлім «Оқиғалар»; «Газдың физикалық-химиялық параметрлері (FCP)»; және «Газ балансы» модульдердің қамтиды.

«Деректерді енгізу» бөлімі ақпаратқа қол жеткізу иерархиясына сәйкес барлық мүдделі тараптарға (ақпаратты пайдаланушыларға) арналған және келесі функциялардан тұрады:

«Оқиғалар журналы» функциясы магистральдық газ құбыры объектілеріндегі барлық өндірістік оқиғалар туралы, соның ішінде желілік бөлімдердегі және компрессорлық станциялардағы кран түйіндерін, газ айдау агрегаттарының іске қосу және тоқтату, газ құбырлары учаскелерін ажырату және қосу туралы мәліметтерді көрсетуге мүмкіндік береді. Оқиғалар туралы деректерді енгізуді ауысым персоналы оқиғаның пайда болу объектісінен тікелей орындайды. Барлық мүдделі тараптарға іс-шаралар жүйенің жеке терезесінде көрсетіледі. Жаңа жазба қызыл түспен белгіленген. Тінтуірдің сол жақ батырмасын екі рет басу арқылы жазу қара болады (оқу белгісі). Пайдаланушы терезесінде жазбаны кім және қашан оқығандығы туралы жазба көрсетіледі. Қажет болған жағдайда, кез-келген пайдаланушы өз құзыреті шеңберінде сол немесе басқа газ құбыры объектісі үшін немесе бүкіл газ құбыры жүйесі үшін оқиғаның тарихын көре алады. Бұл функция алғашқылардың бірі болып жүзеге асырылды, өйткені бұрын «Оқиға журналы» құжаты қағаз жүзінде ГТЖ деңгейінің әрқайсысы үшін бөлек сақталып, деңгейлер арасында телефон арқылы беріліп отырды. Сонымен бірге құжат деректерін өңдеу және талдау ұзақ уақытты қажет етті [79].

«Режим парақтары» функциясы қысым, температура, газ көлемі сияқты газдың технологиялық параметрлері туралы мәліметтерді әр магистральдық газ құбыры үшін бөлек парақтар түрінде бейнелеуге мүмкіндік береді. Осы функцияның нәтижелерімен интерфейснің мысалы 16-суретте көрсетілген.

СПРАВКА о движении газа по МГ							Тренд
Наименование	Параметр	1:00	2:00	-	23:00	24:00	
Шымкент	Т, атм	24	22	-	28	23	
ЗУ «328 км»	Рвх	30,3	30,3	-	30,5	30,3	
	Рвых	30,1	30,1	-	30,1	30,1	
	Твх	24	24	-	24	24	
	Твых	24	24	-	24	24	
	Qчас	115	114	-	140	140	
ЗУ «283 км»	Рвх	25,9	25,9	-	26	26	
	Рвых	25	25	-	25,2	25,1	
	Твх	29	29	-	30	29	
	Твых	29	29	-	30	29	
	Qчас	217	215	-	215	215	

Сурет 16 – «Режим парақтары» функциясының нәтижелерімен интерфейснің мысалы

Бұл интерфейсте ақпараттың түсуіне байланысты автоматты түрде жаңартылады. Сонымен қатар бұл функция кез-келген күнге арналған мұрағаттағы деректерді көруге мүмкіндік береді.

«ГФХП» функциясы тасымалданатын газдың физикалық-химиялық құрылымы [80] туралы мәліметтерді көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл функцияның интерфейсінң мысалы 17-суретте көрсетілген.

ЖУРНАЛ ФХП ГАЗА

Выбор подразделения

Все

Компоненты




Место отбора:	Нитка	Прибор:	Исполнитель:
Дата и время отбора	:	Дата анализа:	
Наименование параметра, ед. изм.		Значение	
ТТР по влаге средняя, С		-20,5	
Ргаз, кгс/см2		34,4	
Тгаз, С		33,4	
ТТР по влаге приведения к 40 кгс/см2, С		-19,5	

Сурет 17 – «ГФХП журналы» функциясының интерфейсi

Автоматтандырылғын жүйенің осы функцияны жете зерттеп жасамастан бұрын химиялық зертханаларда алынған газды сараптаудың нәтижелері диспетчерлік қызметке орындаушылардың қолы қойылған қағаз түрінде, немесе қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі түрінде беріліп жүрген. Бұл функцияны енгізу деректерді өңдеу уақытын бірнеше күннен 10-15 минутқа дейін қысқартты.


«Қосымша» деп белгіленген функционалдық тапсырмаға «Газ балансы және газды есепке алу» және «Калькуляторлар» функциялары кіреді.

«Газ балансы және газды есепке алу» функциясы деректерді жинау, газды есепке алу және дисбалансты анықтаудың автоматтандырылған жүйесінің негізгі қызметтерінің бірі болып табылады. «Газ балансы және газды есепке алу» функциясының құрылымы 18-суретте келтірілген.



Сурет 18 – «Газ балансы және газды есепке алу» функциясының құрылымы


«Газ құбырының учаскесін таңдау» интерфейсінің 19-суретте көрсетілген.



Сурет 19 – «Газ балансы және газды есепке алу» функциясы интерфейсіндегі «Газ құбырының учаскесін таңдау» мысалы.

Газ құбырын есептеу кезінде учаскелер үш күйдің бірінде болуы мүмкін: 1- учаске қолданыста; 2 – учаске баллонда; 3 – учаске ажыратылған және газы шығарылған.

Өндірістің ауысым диспетчері магистральдық газ құбырының тиісті қызмет көрсету аймағындағы мнемосхемаға (20-сурет) (кран түйіндері) өзгерістер енгізеді.



Сурет 20 – Мнемосхеманың көрінісі

Бұл өзгерістер автоматты түрде мәліметтер базасында (21-сурет) сақталады және магистральдық газ құбырының іргелес учаскелері мен орталық басқарудың ауысым диспетчерлерінің мониторларында көрсетіледі.

История изменений x

Линейные краны Отводы

Поиск крана

Введите километр Введите № нитки

Газопровод	Кран	Состояние	Дата и время	Диспетчер	УМГ
МГ БГР-ТБА		открыт			Центральный
МГ БГР-ТБА		закрыт			Центральный
МГ БГР-ТБА		открыт			Центральный

Сурет 21 – Крандардың орналасуы

Бұл шешім газ тасымалдау үрдісінің барлық қатысушыларына барлық басқару деңгейлерінде онлайн режимінде сенімді ақпарат алуға мүмкіндік береді.

МГҚ учаскесіне газ беруді есептеу әдістемесі учаскенің жағдайына байланысты. 1 күйді анықтаған жағдайда, қор (запас) осы учаске жұмыс жасап тұрған жағдайда анықталады. Егер 2 күй анықталса, учаске бөлек есептеледі. Егер осы бөлім үшін 3 күй анықталған болса, онда есептеу орындалмайды.

Калькулятор функциясы - бұл газ қызметкерлерінің күнделікті жұмысында орындайтын бағалауға арналған бөлек калькуляторды қамтамасыз ететін көмекші функция. Магистральдық газ құбырларының технологиялық газ қорын және гидравликалық есебін есептеу [81] үшін интерфейстердің мысалдары сәйкесінше 22-суретте және 23-суретте көрсетілген.

Калькуляторы ▼

Технологический запас газа

Км. нач. (км.)	Км. конеч. (км.)	Внешн. диаметр (мм.)	Толщина стенки (мм.)
0	10	1020	9
Давл. нач. – Pн (кгс/см2)	Давл. конеч. – Pк (кгс/см2)	Темп. нач. – Tн (оС)	Темп. конеч. – Tк (оС)
20	20	15	15
Плотн. газа (кг/м3)			
0,74			

Участок 10км. P: 20кгс/см2, T: 15 оС

0 10

Рассчитать

РЕЗУЛЬТАТЫ РАСЧЕТОВ

163,35 тыс.м3

Сурет 22 – Газдың технологиялық қорын есептеу интерфейсі

ГИДРАВЛИЧЕСКИЙ РАСЧЕТ МАГИСТРАЛЬНОГО ГАЗОПРОВОДА

Участок №1 + Добавить участок

Наименование участка

Участок №1

Параметр	Вариант 1
Давл. нач. – Pн(кгс/см2)	25
Давл. конечн. – Pк(кгс/см2)	15
Pн (кг/м3)	0,76
Темп. нач. – Tн(°С)	15
Темп. конечн. – Tк(°С)	12
Темп. грунта – Tгр(°С)	4
Плотн. возд. (кг/м3)	1,206
K(мм)	0,03
E	0,85
Диам. нитки (внутр.) – Di (мм)	1050
Эффективный диаметр (мм)	1000
Длина участка – li(км)	70
тыс.м3/час	788,668
млн.м3/сут	18,928
млрд.м3/год	6,909

Рассчитать ✖ Удалить участок + Добавить вариант

Сурет 23 – Магистральдық газ құбырының гидравликалық есептеу интерфейсі

«Әкімшілік» функционалды тапсырмасы АЖ-нің техникалық жағдайын бақылау үшін жасалған және «Басқару панелі» мен «Сараптау» функцияларын қамтиды. Тапсырманы пайдаланушы ретінде әкімші болып табылады. Диспетчерлік қызметтер мен орталық диспетчерлік басқарудың есептері мен базалық талдауды қалыптастыруды автоматтандыру үшін «Талдау және есептер» функционалды тапсырмасы жасалды. Осылайша, деректерді жинауға, газды есепке алуға және дисбалансты анықтауға арналған автоматтандырылған жүйенің жұмыс істейтін бөлігі қазіргі кезде жедел есепке алу мен бақылау мәселелерін шешуге бағытталған [82]. Сондықтан газдың дисбалансын және оның пайда болу себептерін анықтау әдісін жасау көбіне «Газ балансы және газды есепке алу» функциясының шығыс деректерінің қалыптасуына байланысты.

4.2 «Бұқара Газды Ауданы-Ташкент-Бішкек-Алматы» учаскесінің жұмысының нәтижелері бойынша газдың дисбалансын анықтау және оның пайда болу себебі туралы шешім қабылдау мүмкіндігін тексеру нәтижелері

Жасалған әдістемені эксперименттік тексеру «Бұқара Газды Ауданы-Ташкент-Бішкек-Алматы» учаскесінің екі күнтізбелік айдағы функцияның шығыс деректерін талдау арқылы жүргізілді. Алғашқы мәліметтер А.1-А.10-кестелерінде көрсетілген (Қосымша А).

Әзірленген әдістің берілген мәліметтерге қолданылуын қарастырайық.

Әдістің 1-қадамында бірінші күнтізбелік ай үшін келесі мәндер орнатылды: басталу күні $bd=1$ және аяқталу күні $n=31$. Бірінші күнтізбелік айда m_supply газбен жабдықтау жүйесінің жұмысын сипаттайтын мәндер үлгілерінің массиві А.1-А.5 кестелердегі «Газ ресурстары» бағанындағы мәндер массивімен сәйкес келді (Қосымша А). Бірінші күнтізбелік айдағы m_cons газды тұтыну жүйесінің жұмысын сипаттайтын мәндер үлгілерінің жиыны А.1-А.5 кестелердегі «III Газды тарату» бағанындағы мәндер массивімен сәйкес келді (Қосымша А).

Әдістің 1-қадамында келесі күнтізбелік айға келесі мәндер орнатылды: басталу күні $bd=1$ және аяқталу күні $n=30$. Бірінші күнтізбелік айдағы m_supply газбен жабдықтау жүйесінің жұмысын сипаттайтын үлгілерінің жиыны А.6-А.10-кестелердегі «I Газ ресурстары» бағанының мәндер массивімен сәйкес келді (Қосымша А). Бірінші күнтізбелік айдағы m_cons газды тұтыну жүйесінің жұмысын сипаттайтын мәндер үлгілерінің жиыны А.6-А.10-кестелердегі «III газды тарату» бағанындағы мәндер массивімен сәйкес келді (Қосымша А). Кейінгі есептеулер үшін MS Excel 2016 функциялары қолданылды.

Бірінші күнтізбелік айдың 2-қадамында F-тестінің есептелген мәні 0,85085894 болды. $(\alpha/2)_{up}$ мәні=2.35094123. $(\alpha/2)_{bottom}$ мәні=0.425361548. q_{up} мәні=0.33773531. q_{bottom} мәні=0.14365961. $F \in (0.85634039; 0.71268077)$ шарты орындалған соң «Газ дисбалансы жоғары» шешімі қабылданды. Екінші күнтізбелік айдың 2 қадамінде F-тестінің есептелген мәні 0,927442708 болды. Мә $(\alpha/2)_{up}$ мәні=2.385967353. $(\alpha/2)_{bottom}$ мәні=0.419117218. q_{up} мәні=0.34649184.

$q_{bottom}=0.1452207$. $F \in (1; 0.8547793)$ шарты орындалған соң «Газ дисбалансы шамалы» шешімі қабылданды. 3-қадамда бірінші және екінші күнтізбелік айлардағы газбен жабдықтау мен газды тұтыну жүйесінің әрбір элементі жұмысы туралы мәліметтер салыстырылды. Газбен жабдықтау жүйесі үшін мұндай элементтер «ӨТ 1» «ӨТ 2»; «ӨТ 3» болды; «ЖАГҚ 1-ден алу»; «ЖАГҚ 2-ден алу»; «Құбырдан»; «ӨТ 4»; «ӨТ 5»; және «ӨТ 6». «ӨТ 3» элементі бұл тізімнен шығарылды, себебі элементтің екі таңдауының мәндері нөлге тең болды. Газ тұтыну жүйесі элементтеріне «ЖАГҚ 1-ге айдау»; «ЖАГҚ-2ге айдау»; «Құбырға»; «Меншікті технологиялық қажеттіліктер мен техникалық шығындар»; «ГТС 1»; «ГТС 2»; «ГТС 3 линия 1»; «ГТС 3 линия 2»; «ГТС 4»; «ГТС 5»; «ГТС 6 линия 1»; «ГТС 6 линия 2»; «ГТС 6 линия 3»; «ГТС 6 линия 4»; «ГТС 7»; «ГТС 8»; «ГТС 6 линия 4»; «ГТС 9»; «ГТС 10»; «ГТС 11»; «ГТС 12»; «ГТС 13»; «ГТС 14»; «ГТС 15»; «ГТС 16»; «ГТС 17»; «ГТС 19»; «ГТС 20»; «ГТС 21»; «ГТС 22»; «ГТС 23»; «ГТС 24»; «ГТС 25»; «ГТС 26»; «ГТС 27»; «ГТС 28»; «ГТС 29»; «ГТС 30»; «ГТС 31»; «ГТС 32»; «ГТС 33»; «ГТС 34»; «ГТС 35»; «ГТС 36»; «ГТС 37»; «ГТС 38»; «ГТС 39»; «ГТС 40» кіреді. «ЖАГҚ 1-ге айдау», «ЖАГҚ 2-ге айдау» және «ГТС линия 2» элементтері бұл тізімнен шығарылды, себебі бұл элементтердің үлгі мәндері нөлге тең болды. Газбен жабдықтау жүйесінің әрбір элементі бойынша есептеу нәтижелері Б.1-кестеде көрсетілген (Қосымша Б). Газды тұтыну жүйесінің әрбір элементі бойынша есептеу нәтижелері Б.2-кестеде көрсетілген (Қосымша Б). $(\alpha/2)_{up}$ мәні=2.37500108. $(\alpha/2)_{bottom}$ мәні=0.423381332. q_{up} мәні=0.34375027. q_{bottom} мәні=0.14415467.

4-қадамда газбен жабдықтау жүйесінің сегіз элементі үшін:

1. «Элементтің жұмыс режимінің өзгеруі егжей - тегжейлі талдауды қажет етеді» шешімі бес рет қабылданды.

2. «Элементтің жұмыс режимі өзгерді» шешімі екі рет қабылданды.

3. «Элементтің жұмыс режимі күрт өзгерді» шешімі бір рет қабылданды.

Сондықтан газбен жабдықтау жүйесінің көптеген элементтерінің шешімі «Элементтің жұмыс режимінің өзгеруі егжей -тегжейлі талдауды қажет етеді» шешімі ретінде қарастырылуы керек.

Газды тұтыну жүйесінің қырық бес элементі үшін:

1. «Элементтің жұмыс режимінің өзгеруі егжей -тегжейлі талдауды қажет етеді» шешімі 26 рет қабылданды.

2. «Элементтің жұмыс режимі өзгерді» шешімі жеті рет қабылданды.

3. «Элементтің жұмыс режимі айтарлықтай өзгерді» шешімі бес рет қабылданды.

4. «Элементтің жұмыс режимі күрт өзгерді» шешімі бес рет қабылданды.

5. «Элементтің жұмыс режимі іс-жүзінде өзгеріссіз» шешімі екі рет қабылданды.

Сондықтан газды тұтыну жүйесінің көптеген элементтерінің шешімі «Элементтің жұмыс режимінің өзгеруі егжей -тегжейлі талдауды қажет етеді» шешімі болуы керек.

Онда талданып отырған учаскенің элементтері үшін шешім «Элементтің жұмыс режимі теңгерілмеген. Қосымша талдау қажет».

Жалпы, берілген деректерді талдаудың әзірленген әдістемесін қолдану нәтижелері келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

а) бірінші күнтізбелік айдың мәліметтерін талдау негізінде шешім қабылданды: «Газ дисбалансы жоғары»;

ә) екінші күнтізбелік айдың мәліметтерін талдау негізінде шешім қабылданды: «Газ дисбалансы шамалы»;

б) газбен жабдықтау және тұтыну жүйелерінің элементтерінің күнтізбелік екі айдағы жұмысы туралы деректерді салыстырмалы талдау нәтижелері бойынша шешім қабылданды: «Элементтің жұмыс режимінің өзгеруі егжей - тегжейлі талдауды қажет етеді»;

в) осы шешімдердің негізінде газбен қамтамасыз ету мен тұтыну жүйелерінің басым көпшілігінің жұмыс режимінің толық өзгеруі есебінен газ дисбалансының айтарлықтай төмендеуіне қол жеткізілді деп қорытынды жасауға болады.

Бұл тұжырым А.1-10 кестеде келтірілген деректермен расталады (Қосымша А).

Эксперименттік тексеру ұқсас зерттеулердің қолданыстағы нәтижелерінен жасалған әдістің негізгі артықшылықтарын растады. Бұл артықшылықтар келесідей:

а) бұл әдістеменің сандық және сапалық жағынан күнтізбелік айлардағы газ дисбалансының өзгеру динамикасын талдау және көрсету мүмкіндігі (жекелеген айлардағы деректерді талдау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдер тізімі түрінде);

ә) қолданыстағы модельдер мен әдістерден айырмашылығы, магистральдық газ құбырының талданатын учаскесіндегі газ дисбалансының әртүрлі себептері туралы шешім қабылдау мүмкіндігі.

Әзірленген әдістің соңғы артықшылығы оның негізінде магистральдық газ құбырының талданатын учаскесінде анықталған газдың дисбалансын жою бойынша ұсыныстар жасау үшін модельдер, әдістер мен ақпараттық технологиялар құруға және одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

4-бөлім бойынша қорытындылар.

Төртінші бөлімде еліміздің газ тасымалдау жүйесінің өрістік деңгейлерінен газды есепке алу үрдісіне қажетті барлық технологиялық параметрлерді жинауға, газды есепке алуға және дисбалансты анықтауға арналған автоматтандырылған жүйенің сипаттамасы келтірілген. Және «Бұқара Газды Ауданы – Ташкент-Бішкек-Алматы» учаскесінің жұмысының нәтижелері бойынша газдың дисбалансын анықтау және оның пайда болу себебі туралы шешім қабылдау мүмкіндігінің тексеру нәтижелері қарастырылған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл диссертациялық жұмыста газ тасымалдау жүйесінің өрістік деңгейінен газдың технологиялық параметрлерін жинап, газды есепке алу және дисбалансты анықтауға арналған автоматтандырылған жүйе жасалды. Магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалданатын газдың балансын дәл есептеуге арналған математикалық модель, оның құраушы бөліктері, яғни құбырдағы газ қорының көлемінің және өзіндік қажеттіліктер мен технологиялық шығындардың математикалық модельдері жасалды.

Автоматтандырылған жүйенің «Газды есепке алу және баланс» модулінде газдың дисбалансын анықтауға арналған әдістеме жасалды. Дисбалансты анықтауға арналған әдістемеді екі жүйенің - газбен жабдықтау жүйесі мен газ тұтыну жүйесінің үйлесімі ретінде ұсынылған магистральдық газ құбырының талданатын учаскесінің жеке үлгілерінің дисперсияларын салыстыру болды. Дисперсиялардың теңдігі туралы гипотезаны тексеру үшін екі жақты F-тестін (Фишер тесті) қолдану ұсынылды. Бұл әдістеменің қолданыстағы модельдер мен басқа да әдістердің көпшілігінен айырмашылығы, әзірленген әдіс газ дисбалансының көрсеткіштерін анықтап, визуализация жасап қана қоймай, сонымен қатар осы дисбаланс себебін уақытында анықтауға мүмкіндік берді.

Автоматтандырылған жүйе ақпараттарды берудегі адам факторынан туындайтын қателіктерді жояды. Иерархиялық құрылымды сақтай отырып, газ тасымалдаушы жүйенің барлық қатысушылары деректерді бір орталықтан бірдей ақпарат көреді, бұл деректердің сәйкессіздіктерін жояды.

Қойылған міндеттердің орындалуының толықтығын бағалау.

Диссертациялық жұмыс бойынша докторанттың алдына қойылған міндеттер шешілді:

- газдың технологиялық параметрлерін жинауға, газды есепке алуға және дисбалансты анықтауға арналған автоматтандырылған жүйе жасалды;

- магистральдық газ құбырларындағы газдың балансын дәл есептейтін математикалық модель, газ қорының және өзіндік қажеттіліктер мен технологиялық шығындардың көлемін есептеуге арналған математикалық модельдер құрылды;

- автоматтандырылған жүйенің «Газды есепке алу және баланс» модулінде газдың дисбалансын анықтайтын әдістеме мен оның алгоритмдері жасақталды;

- әдістің тиімділігін Қазақстан республикасының ұлттық газ операторы «ҚазТрансГаз» АҚ-ның газ тасымалдау жүйесінде практика жүзінде нақты деректермен тексеріп дәлелденді.

Нәтижелерді нақты қолдану бойынша ұсыныстар.

Ұсынылған автоматтандырылған жүйеден алынған нәтижелерді газ тасымалдау жүйесінің келесі үрдістерінде қолдануға болады:

- калькулятор модулінде орындалған есептеулер жөндеу жұмыстарын жоспарлау кезінде немесе магистральдық газ құбырының жаңа учаскелері үшін алдын-ала жобаны есептеу кезінде қолданылады;

- алынған газ көлемдерінің есепке алу деректері елдің жекелеген аймақтарында газ тұтыну көлемінің болжамын жоспарлауда және бір жылға, жылыту қадаміне, бір айға тасымалдау жоспарын құруда пайдаланылады;

- алынған құрылымдық режимді-технологиялық және газ тасымалдау жүйесін есепке алу деректері мұрағатталған және оларды әрі қарай сараптау және зерттеу жұмыстарында оңай қолдануға болады.

Экономикалық тиімділігін бағалау. Жүргізілген зерттеулер негізінде әзірленген жүйе газ тасымалдауда тиісті нәтиже береді. Ұсынылған есептеулер алынған нәтижелердің тәжірибелік маңыздылығын көрсетеді. Газды дұрыс есепке алу магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалданатын газды тұрақты мониторинг жасауға мүмкіндік береді. Ал газды есепке алуды үздіксіз бақылау арқылы құбырдағы газ қысымы мен газ қорының өзгеру тенденциясын көруге болады. Мұндай мониторинг ГТЖ-нің объектілерінің жұмыс режимдерін басқаруда жедел басқару шешімдерінің тиімділігін арттырады.

Газдың дисбалансын анықтауға ұсынылған әдістеме газ тасымалдау жүйесін нөлдік балансқа жеткізуге, сонымен қатар өлшеу құрылғыларындағы ауытқуларды, рұқсатсыз газ алу, газдың физико-химиялық құрамының қателігінен туындайтын ауытқуларды болдырмауға, газды тұтынудың маусымдық ауытқуларын дер кезінде анықтауға, тасымалдаушы мен тұтынушы арасындағы коммерциялық дауларды болдырмау, тасымалдаушы компанияның меншікті қажеттіліктер мен шығындарды азайту арқылы жалпы экономикалық тиімділікті арттырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Закон Республики Казахстан. О газе и газоснабжении: принят 9 января 2012 года, №532-IV, ст. 25 // <https://online.zakon.kz/Document.01.12.2021>.
- 2 Чухарева Н.В., Рудаченко А.В., Поляков В.А. Определение количественных характеристик нефти и газа в системе магистральных трубопроводов. – Томск: Изд-во ТПУ, 2010. – 311 с.
- 3 Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор «ҚазТрансГаз» компаниясы туралы жалпы мәліметтер <https://www.kaztransgas.kz/index.php/ru/o-kompanii/obshchaya>. 01.12.2021.
- 4 Алиев Р.А., Белоусов В.Д., Немудров А.Г. и др. Трубопроводный транспорт нефти и газа: учеб. – М.: Недра, 1988. – 368 с.
- 5 Харитонов В.А. Строительство магистрального трубопровода нефти и газа. – М.: АСВ, 2008. – 487 с.
- 6 Коршак А.А., Шманов Н.Н., Мамонов Ф.А. и др. Магистральные трубопроводы. – Уфа: ДизайнПолиграфСервис, 2008. – 448 с.
- 7 «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамы туралы жалпы мәлімет // <http://www.intergas.kz/ru/obwaya-informaciya/>. 01.12.2021.
- 8 «Азиялық Газқұбыры» ЖШС туралы жалпы мәлімет // http://www.agr-com.kz/?-page_-id=4204/. 01.12.2021.
- 9 «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС туралы жалпы мәлімет // <https://bsgp.kz/kk/>. 01.12.2021.
- 10 СТ РК 34.015-2002. Информационная технология. Комплекс стандартов на автоматизированные системы. – Введ. 2004-01-01. – Астана, 2002. – 44 с.
- 11 Федотов А.В. Автоматизация управления в производственных системах. – Омск: Изд-во ОмГТУ, 2001. – 354 с.
- 12 Андреев Е.Б., Ключников А.И., Кротов А.В. и др. Автоматизация технологических процессов добычи и подготовки нефти и газа: учеб. пос. – М.: Недра, 2008. – 399 с.
- 13 Сарданашвили С.А. Расчетные методы и алгоритмы: трубопроводный транспорт газа. – М.: Нефть и газ, 2005. – 577 с.
- 14 Правила осуществления централизованного оперативно-диспетчерского управления режимами работы объектов единой системы снабжения товарным газом: утв. приказом Министра энергетики Республики Казахстан от 21 октября 2014 года, №63 // <https://adilet.zan.kz/rus>. 01.02.2022.
- 15 Aminikhanghahi S., Cook D.J. A survey of methods for time series change point detection // Knowledge and Information Systems. – 2017. – №5(2). – P. 339-367.
- 16 Прахова М.Ю., Шаловников Э.А., Краснов А.Н. и др. Системы автоматизации в газовой промышленности: учеб. пос. – М.: Инфра-Инженерия, 2019. – 480 с.

- 17 Крухмалев В.В., Гордиенко В.Н., Моченов А.Д. Основы построения телекоммуникационных систем и сетей. – М.: Изд-во Горячая линия Телеком, 2004. – 510 с.
- 18 Юнусов А.Р. Автоматизация и телемеханизация процесса газораспределения без применения традиционных SCADA-пакетов (опыт ОАО «Газ-сервис») // Автоматизация, телемеханизация и связь в нефтяной промышленности. – 2010. – №12. – С. 8-12.
- 19 Андреев Е.Б., Попадько В.Е. Технические средства систем управления технологическими процессами в нефтяной и газовой промышленности. – М.: РГУ нефти и газа им. И. М. Губкина, 2004. – 272 с.
- 20 Поляков С.И. Автоматика и автоматизация производственных процессов: учеб. пос. – Воронеж: Воронежская государ. лесотехническая академия, 2007. – 372 с.
- 21 Храменков В.Г. Автоматизация производственных процессов: учеб. – Томск: Томский политехнический университет, 2011. – 343 с.
- 22 James E. /Gallagher Natural Gas Measurement Handbook – Huoston: Gulf Professional, 2006. – 425 p.
- 23 Приказ Министра энергетики Республики Казахстан. Правила устройства электроустановок: утв. 20 марта 2015 года, №230 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200001355>. 01.02.2022.
- 24 Кангин В.В., Кангин М.В., Ямолдинов Д.Н. Разработка SCADA-Систем. – М.: Инфра-Инженерия, 2019. – 564 с.
- 25 Mehta V.R., Jaganmohan Y.R. Industrial Process Automation Systems. – Ed. 1st. – Oxford, 2014. – 668 p.
- 26 Белов Д.Б., Игнатъев А.А., Соловьев С.И. Проблема погрешности измерений при коммерческом учете ресурса: на примере поставки природного газа // Методы оценки соответствия. – 2012. – №9. – С. 20-24.
- 27 Тухбатуллин Ф.Г., Семейченков Д.С. О причинах разбаланса природного газа в системе газораспределения и методах прогнозирования его величины // Территория «НЕФТЕГАЗ». – 2017. – №6. – С. 14-21.
- 28 Игнатъев А.А., Белов Д.Б. Оценка величины объемом поставленного и потребленного газа с использование методики расчета случайных погрешностей // Вестник ТГУ. – 2012. – Т. 17, №3. – С. 1014-1028.
- 29 Botev L., Johnson P. Applications of statistical process control in the management of unaccounted for gas // Journal of Natural Gas Science and Engineering. – 2020. – Vol. 76. – P. 103194-1-103194-14.
- 30 Arpino F., Dell’Isola M., Ficco G. et al. Unaccounted for gas in natural gas transmission networks: Prediction model and analysis of the solutions // Journal of Natural Gas Science and Engineering. – 2014. – Vol. 17. – P. 58-70.
- 31 Саликов А.Р. Технологические потери природного газа при транспортировке по газопроводам. – М.: Инфра-Инженерия, 2015. – 112 с.
- 32 Shafiq M., Nisar W.B., Savino M.M. et al. Monitoring and controlling of unaccounted for gas (UFG) in distribution networks: A case study of Sui Northern

Gas Pipelines Limited Pakistan // IFAC-PapersOnLine. – 2018. – Vol. 51, Issue 11. – P. 253-258.

33 Ряховский С.В., Паскаль Л.Г. Основные принципы создания единой системы учета газа в региональной компании поставщика газа // Территория «НЕФТЕГАЗ». – 2018. – №5. – С. 22-37.

34 Grigoriev L., Kostogryzov A., Tupysev A. Automated dispatch control; problems and details of modeling // IFAC Proceedings. – 2013. – Vol. 46, Issue 9. – P. 1123-1127.

35 Mohammadpoor M., Torabi F. Big Data analytics in oil and gas industry: An emerging trend // Petroleum. – 2018. – Vol. 6, Issue 4. – P. 321-328.

36 Васютинский В., Ткалич А. Системы коммерческого учета и сбора данных существующей газовой инфраструктуры: шаг к эффективному распоряжению ресурсами // Сфера нефтегаз. – 2010. – №3. – С. 28-30.

37 AGA Report No.4 A, Natural Gas Contract Measurement and Quality Clauses / American Gas Association. – Washington: Transmission Measurement Committee, 2009. – 75p.

38 МЕМСТ 8.611 – 2013 Газдың шығыны мен мөлшері. Ультрадыбыстық шығынды түрлендіргіштермен өлшеу әдістемесі.

39 Technical report. ISO/TR 12765:1998. Measurement of fluid flow in closed conduits - Methods using transit-time ultrasonic flowmeters.

40 ISO 17089 – 1.2010 Measurement of fluid flow in closed conduits – Ultrasonic meters for gas – Part 1: Meters for custody transfer and allocation measurement.

41 МЕМСТ 8.566 – 2011 Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Заттар мен материалдардың физикалық константалары мен қасиеттері туралы мемлекетаралық деректер жүйесі. Негізгі ережелер.

42 МЕМСТ 31369 – 2008 Табиға газ. Компоненттің құрамы бойынша жану жылуын, тығыздықты, салыстырмалы тығыздықты және ВОББЕ санын есептеу.

43 МЕМСТ 30319.1 – 96 Табиғи газ. Физикалық қасиеттерді есептеу әдістері. Табиғи газдың, оның құрамдас бөліктерінің және оны өңдеу өнімдерінің физикалық қасиеттерін анықтау.

44 МЕМСТ 17310 – 2002 Газдар. Тығыздықты анықтаудың пикнометриялық әдісі.

45 МЕМСТ 31371.7 – 2020 Табиғи газ. Газ хроматографиясы әдісі бойынша құрамын белгісіздікті бағалаумен анықтау. Компоненттердің молярлық үлесін өлшеу әдісі.

46 Yoon M.S., Warren C.B. et al. Pipeline System Automation and Control. – NY.: ASME Press, 2007. – 450 p.

47 Fukushima K. et al. Gas Pipeline Leak Detection System Using the Online Simulation Method // Computers & Chemical Engineering. – 2000. – Vol. 24. – P. 453-456.

48 Бернер Л.И., Зельдин Ю.М., Марченко С.Г. и др. Прогнозирующая модель для управления газораспределительной системой // Информационные технологии в науке, образовании и управлении. – 2018. – №3. – С. 38-42.

49 Бернер Л.И., Ковалев А.А., Киселев В.В. Управление газотранспортной сетью с использованием методов моделирования и прогнозирования // Автоматизация, телемеханизация и связь в нефтяной промышленности. – 2013. – №1. – С. 48-53.

50 Анучин М.Г., Анучин М.Г., Анфалов А.А. и др. Моделирование транспорта природного газа в режиме онлайн. Программно-вычислительный комплекс «Волна» // Нефть. Газ. Новации. – 2017. – №5(198). – С. 27-35.

51 Голубятников Е.А., Сарданашвили С.А. Проблемы моделирования on-line режимов систем газоснабжения // Территория Нефтегаз. – 2015. – №4. – С. 32-37.

52 Никаноров В.В., Марченко С.Г., Бернер Л.И. и др. Подсистема прогнозирования газопотребления // Автоматизация в промышленности. – 2017. – №4. – С. 20-21.

53 Митичкин С.К., Сарданашвили С.А., Белинский А.В. Методы решения задачи выбора рациональной схемы транспорта газа по ГТС при наличии резервов пропускной способности // Тр. РГУ нефти и газа им. И.М. Губкина. – 2012. – №3. – С. 85-93.

54 Васильев Г.Г., Гульков А.Н., Земенков Ю.Д. и др. Эксплуатация оборудования и объектов газовой промышленности. – М.: Инфра-Инженерия, 2008. – 607 с.

55 Земенков Ю.Д. Эксплуатация магистральных и технологических нефтегазопроводов: объекты и режим работы. – Тюмень: ТюмГНГУ, 2014. – 282 с.

56 Вольский Э.Л., Константинова И.М. Режим работы магистрального газопровода. – Л: Недра, 1970. – 168 с.

57 Магистральдық газ құбырлары бойынша газды тасымалдау кезіндегі өз қажеттіліктері мен технологиялық шығындарға газ шығысы нормаларын есептеу бойынша әдістемелік нұсқаулар / «Интергаз орталық Азия» АҚ. – Астана, 2014. – 73 б.

58 Горбунов С.С., Костандян А.В., Дубинин В.А. и др. Построение системы идентификации источников и причин небаланса газа в газотранспортной системе // Газовая промышленность. – 2019. – №2. – С. 68-76.

59 МЕМСТ Р МЭК 62264 – 3 – 2012 Кәсіпорынды басқару жүйелерін интеграциялау. Бөлім 3. Технологиялық операцияларды басқарудың моделі.

60 Лодочкин Н.И. Пути решения проблем небаланса и коммерческих потерь поставщика газа (на примере Оренбургской области): дис. ... док. техн. наук: 08.23.03. – Оренбург, 2017. – 232 с.

61 Xie Y., Wang X., Mai F. Calculation of theoretical transmission loss in trunk gas pipeline // Advances in Mechanical Engineering. – 2019. – Vol. 11, Issue 12. – P. 1-12.

62 Игнатенко А.Б. Определение причин разбаланса газа в системе «поставщик – потребитель» // Газовая промышленность. – 2015. – №6. – С. 20-22.

63 Kapustin N.O., Grushevenko D.A. A long-term outlook on Russian oil industry facing internal and external challenges // Oil & Gas Science and Technology – Revue d'IFP Energies Nouvelles. – 2019. – Vol. 74. – P. 72-1-72-11.

64 Оразбаев Б.Б., Зинагабденова Д.Р., Оразбаева К.Н. и др. Проблемы учета и баланса газа и подходы к их решению // Вестник КазННТУ им. К. Сатбаева. – 2020. – №4(140). – С. 144-151.

65 Orazbayev B., Zinagabdenova D., Abilgazy N. et al. Development of a method for studying gas imbalance in the section of the main gas pipeline of Kazakhstan // Eastern-European Journal of Enterprise Technologies. – 2020. – Vol. 6, Issue 2(108). – P. 53-65.

66 Ковалева М.А., Волошин С.Б. Анализ данных: учеб. пос. – М.: Мир науки, 2019. – 129 с.

67 Воскобойников Ю.Е., Тимошенко Е.И. Математическая статистика (с примерами в Excel): учеб. пос. – Новосибирск: НГАСУ, 2006. – 154 с.

68 Тимошенко Е.И., Воскобойников Ю.Е. Теория вероятностей: учеб. пос. – Новосибирск: НГАСУ, 2003. – 88 с.

69 Гмурман В.Е. Руководство к решению задач по теории вероятностей и математической статистике: учеб. пос. – Изд. 5-е, стер. – М.: Высш. шк., 2000. – 400 с.

70 Калинина В.Н., Панкин В.Ф. Математическая статистика. – М.: Высш. школа, 1994. – 336 с.

71 Яков Ф., Моисеев А. Angular и Typescript. – СПб.: Питер, 2018. – 464 с.

72 Крокфорд Д. Как устроен Java Script. – СПб.: Питер, 2019. – 304 с.

73 Deeleman P. Learning Angular 2 – Birmingham: Packt Publishing, 2016. – 352 p.

74 Козловский П., Дарвин П.Б. Разработка веб-приложений с использованием AngularJS. – М.: ДМК Пресс, 2014. – 394 с.

75 Морето С. Bootstrap в примерах: освоите клиентский фреймворк Bootstrap 4 и создавайте веб-сайты быстрее, чем прежде / пер. с англ. – М.: ДМК Пресс, 2017. – 313 с.

76 Delisle M. Mastering phpMyAdmin 3.4 for Effective MySQL Management. – Birmingham: Packt Publishing, 2012. – 394 p.

77 Куликов С. Работа с MySql, MS SQL Server и Oracle в примерах. – М.: Самиздат, 2017. – 547 с.

78 Кузнецов М., Симданов И. MySQL на примерах. – СПб.: Петербург, 2007. – 592 с.

79 Оразбаев Б.Б., Зинагабденова Д.Р., Абилгазы Н.А. Программный комплекс «Автоматизированная система управления сбора данных и учета газа» // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. – 2020. – №2(131). – С 6-16.

80 Menon E.S. Transmission Pipeline Calculations and Simulations Manual. – Waltham, MA: Gulf Professional, 2015. – 599 p.

81 Волков М.М., Михеев А.Л., Конев К.А. Справочник работника газовой промышленности. – М.: Недра, 1989. – 144 с.

82 Оразбаев Б.Б., Зинағабденова Д.Р., Оразбаева К.Н. және т.б. Газды тарату және есепке алу үрдістерінің басқару жүйелерін талдау, оларды жетілдіру тәсілдері // Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2020. – №4(92). – С. 125-131.

ҚОСЫМША А

Шығыс деректері

Кесте А.1 – «Бұқара Газды Ауданы – Ташкент-Бішкек-Алматы» магистральдық газ құбырының учаскесі бойынша бірінші күнтізбелік айдың (1-ден 7-не дейін) шығыс деректері

Апта күндері	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі	Жексенбі	Дүйсенбі	Сейсенбі
Ай күндері	1	2	3	4	5	6	7
1	2	3	4	5	6	7	8
I. Газ ресурстары барлығы:	24298,027	24602,649	22834,053	24229,507	25615,295	25813,021	25589,188
ӨТ 1	17449,944	18888,539	17178,186	16363,187	16349,230	16162,578	15523,025
ӨТ 2	495,010	0,000	2074,246	4487,049	5914,512	6119,116	6732,130
ӨТ 3	0,000	0,000	0,000	0,000	0,000	0,000	0,000
1 ЖАГҚ-нан алу	2309,560	2258,619	2268,884	2080,784	2064,657	2240,558	2053,805
2 ЖАГҚ-нан алу	288,707	290,176	271,184	255,665	243,121	247,278	236,162
Құбырдан	2712,134	2123,225	0,000	0,000	0,000	0,000	0,000
К/о ӨТ 4	1042,672	1042,090	1041,553	1042,822	1043,775	1043,491	1044,066
II. МГҚ бөлімдерінен транзит	12866,375	11998,266	8474,117	8946,382	12089,890	13050,786	12723,838
ӨТ 5	6024,145	4758,317	1898,363	679,492	4912,456	5743,920	4760,120
ӨТ 6	6842,230	7239,949	6575,754	8266,890	7177,434	7306,866	7963,718
III. Газды тарату	24282,778	24071,352	22210,975	23620,659	25147,072	25380,275	25143,263
1 ЖАГҚ-на айдау	0,000	0,000	0,000	0,000	0,000	0,000	0,000
2 ЖАГҚ-на айдау	0,000	0,000	0,000	0,000	0,000	0,000	0,000
Құбырға	0,000		1508,602	2236,616	1022,922	688,797	1266,746
Мен.тех. қаж. мен шығындыр	60,855	49,119	55,725	70,164	76,972	81,539	93,231
Газды тұтыну	11355,548	12023,967	12172,531	12367,497	11957,288	11559,153	11059,448
ГТС-1	588,517	643,741	661,036	668,539	638,587	501,463	503,650
ГТС-2	1419,593	1442,633	1457,942	1522,082	1473,883	1450,178	1399,680
ГТС-3 линия 1	1911,944	1990,171	1963,830	1943,639	1943,659	1967,802	1924,253
